

ISSN 2959-815X (print)
ISSN 3005-3277 (online)

**ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ**

2023, №3 (3)

2023 жылдан бастап шығады
Выходит с 2023 года
Founded in 2023

Жылына төрт рет шығады
Выходит четыре раза в год
Published four times a year

**Қызылорда/Кызылорда/Kyzylorda
2023**

Редакциялық алқа

- Майгельдиева Ш.М. - ғылыми редактор педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы
- Осипов П.Н. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Ресей Федерациясы
- Фоминых Н.Ю. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті, Ресей Федерациясы
- Саудабаева Г.С. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы
- Абильдина С.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан Республикасы
- Зубова Л.В. - психология ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор мемлекеттік университеті, Ресей Федерациясы
- Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы
- Туребаева К.Ж. - педагогика ғылымдарының докторы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы
- Турдалиева Ш.Т. - психология ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы
- Сангилбаев О.С. - психология ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы
- Кенжебаева Қ.С. - жауапты хатшы, PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы.

Редакционная коллегия

- Майгельдиева Ш.М. - научный редактор, доктор педагогических наук, доцент, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан
- Осипов П.Н. - доктор педагогических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Российская Федерация
- Фоминых Н.Ю. - доктор педагогических наук, профессор, Российский экономический университет им. Г.В.Плеханова, Российская Федерация
- Саудабаева Г.С. - доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан
- Абильдина С.К. - доктор педагогических наук, профессор, Карагандинский университет им. Е.А.Букетова, Республика Казахстан
- Зубова Л.В. - доктор психологических наук, профессор, Оренбургский государственный университет, Российская Федерация
- Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Республика Казахстан
- Туребаева К.Ж. - доктор педагогических наук, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан
- Турдалиева Ш.Т. - кандидат психологических наук, Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, Республика Казахстан
- Сангилбаев О.С. - доктор психологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан
- Кенжебаева К.С. - ответственный секретарь, PhD, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан.

Editorial Board

- Maigeldiyeva Sh.M. - scientific editor, Doctor of pedagogic sciences, associate professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan
- Osipov P.N. - Doctor of pedagogical sciences, professor, Kazan Federal University, Russian Federation
- Fominyh N. Yu. - Doctor of pedagogical sciences, professor, Plekhanov Russian University of Economics, Russian Federation
- Saudabaeva G.S. - Doctor of pedagogical sciences, professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan
- Abildina S.K. - Doctor of pedagogical sciences, professor, Karaganda Boketov, Republic of Kazakhstan
- Zubova L.V. - Doctor of Psychology, Professor, Orinbor State University, Russian Federation
- Atemova K.T. - Doctor of pedagogical sciences, professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan
- Turebayeva K.Zh. - Doctor of Pedagogical Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Republic of Kazakhstan
- Turdaliyeva Sh.T - Candidate of psychological sciences, MH Dulati Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan
- Sangilbayev O.S. - Doctor of psychological sciences, professor. Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan
- Kenzhebayeva K.S. - executive editor, PhD, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.

Баспа атауы – «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»

Баспа адресі – индекс 120014, Әйтеке би, 29А, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Наименование издателя – «Кызылординский университет имени Коркыт Ата»

Адрес издателя – индекс. 120014, ул Айтеке би, 29А, г.Кызылорда, Республика Казахстан

Name of the publisher – «Korkyt Ata Kyzylorda university»

The publisher's address is an index. 120014, Aiteke bi street, 29A, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

ОҚЫРМАНҒА!

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» сериясы – ғалымдарға, педагогтарға, психологтарға, білім беру ұйымы қызметкерлеріне, сонымен қатар, педагогика мен психология саласы мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған рецензияланатын ғылыми-әдістемелік журнал.

Журналдың негізгі мақсаты – Қазақстандағы және әлемдік қоғамдастықтағы психология-педагогика ғылымының теориялық және практикалық жетістіктерін ғылыми қамту, оларды педагог-психологтардың кәсіби қызметінде пайдалану. Сонымен қатар педагогика мен психологияның жалпы мәселелері мен тарихының, тұлға психологиясының, білім тарихының, этнопедагогиканың, білім мен тәрбие беру теориясы мен практикасының, білім беру жүйесін басқарудың кең ауқымды өзекті мәселелерін талқылау.

Журнал беттерінде теориялық, әдістемелік, эксперименттік және қолданбалы сипаттағы материалдар, Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындары оқытушыларының, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың психология-педагогика саласындағы ғылыми зерттеулерінің нәтижелері жарияланады.

Құрметті оқырман! Біздің журнал арқылы Сіз бәсекеге қабілетті кадр даярлаудың әдіснамасы, мазмұны, тұжырымдамалық инновациялық психологиялық-педагогикалық үлгілері, оқыту технологиялары туралы түсінігіңізді кеңейтесіз. Сонымен қатар, психология саласындағы ғылыми білімдер, кәсіби педагогикалық білім беруде инновациялық процестерді пайдалану, рухани-адамгершілік мәдениетті, тілдік және гуманитарлық мәдениетті қалыптастыру, үздік ұлттық дәстүрлерді сақтау және озық шетелдік идеялармен танысу сияқты нақты деңгейдегі мәліметтер арқылы құзыреттілігіңізді байытасыз деп үміттенеміз.

Біздің «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Хабаршысы. Педагогика және психология» сериясы жылына 4 рет жарық көреді.

Редакциялық алқа

К ЧИТАТЕЛЮ!

«Вестник Кызылординского университета имени КORKYT Ата. Серия Педагогика и психология» является рецензируемым научным-методическим журналом, предназначенным ученым, педагогам, психологам, работникам системы образования и читателям, которые интересуются проблемами педагогики и психологии.

Основная цель данной серии - научное освещение теоретических и практических достижений психолого-педагогической науки в Казахстане и в мировом сообществе, использование их в профессиональной деятельности педагогов и психологов, а также обсуждение широкого круга актуальных вопросов общей педагогики и психологии, истории педагогики и психологии, психологии личности, истории образования, этнопедагогики, всех отраслей теории и практики обучения и воспитания, управления системой образования.

На страницах журнала представлены материалы теоретического, методического, экспериментального и прикладного характера, результаты научных исследований преподавателей, студентов, магистрантов, докторантов вузов Республики Казахстан, стран Ближнего и дальнего зарубежья по актуальным вопросам в области психолого-педагогической науки, а также практических работников системы образования.

Уважаемый читатель! Надеемся, что Вы расширите представления о методологии, содержании, концептуальных инновационных психолого-педагогических моделях, технологиях подготовки конкурентоспособных кадров, а также обогатите свои компетенции в области интегрирования данных о человеке на уровне конкретно-научного знания как психология, использования инновационных процессов в профессиональном педагогическом образовании, формирования духовно-нравственной культуры, лингво-гуманитарной культуры, сохранения лучших национальных традиций и приобщения себя к лучшим зарубежным идеям и др.

«Вестник Кызылординского университета имени КORKYT Ата. Серия Педагогика и психология» издается 4 раза в год.

Редакционная коллегия

TO THE READER!

«Bulletin of the Korkyt Ata Kyzylorda University. Series Pedagogy and Psychology» of is a peer-reviewed academic and methodological journal intended for researchers, educators, psychologists, educators and readers who are interested in the problems of pedagogy and psychology.

The main goal of this series is research coverage of theoretical and practical achievements of psychological and pedagogical science in Kazakhstan and in the world community, their use in the professional activities of teachers and psychologists, as well as a discussion of a wide range of topical issues in general pedagogy and psychology, the history of pedagogy and psychology, personality psychology, history of education, ethnopedagogy, all branches of the theory and practice of training and education, management of the education system.

Dear reader! We hope that you will expand your understanding of the methodology, content, conceptual innovative psychological and pedagogical models, technologies for training a competitive specialist, and also enrich your competencies in the field of integrating data about a person at the level of specific academic knowledge like psychology, using innovative processes in professional pedagogical education, the formation of spiritual and moral culture, linguistic and humanitarian culture, the preservation of the best national traditions and familiarizing others with the best foreign ideas, etc.

«Bulletin of the Korkyt Ata Kyzylorda University. Series Pedagogy and Psychology» is published 4 times a year.

Editorial board

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазиев Қ.О., PhD

kazi_karas@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-0906-8381>

Несипбаев Д.Б., магистрант

nessipbayev_d@kzl.nis.edu.kz

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

Андатпа. Қазіргі таңда жастарды өмірге бейімдеуге жаңа сипатта қарау басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар, ғылым мен техниканың жетістігі тұлға психикасына әсері күшті болып отыр. Осындай, өмір ағысына қарай тез бейімделіп кететін жастардың психологиялық тепе-теңдігін сақтау үшін отбасылық қарым-қатынастың, қоғамдық күштің, оның ішінде отбасылық құндылықтардың рөлі ерекше. Отбасы - қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын кешенді әлеуметтік құбылыс. Сондықтан да әлеуметтік құбылыс бола отырып, ол адамзат өмір сүру жағдайына қарай құрып, оның дәстүрлері мен әдеттері ғасыр өткен сайын жаңа сипатта көрініс береді.

Отбасын әлеуметтану ғылымында былай деп көрсетеді: отбасы дегеніміз – тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ, оның жалпы белгілері – бөтен адаммен жыныстық байланыс орнату, туысқандық қатынастар жүйесі, адамның жеке-дара адамгершілік сапаларын қалыптастырып дамыту, белгілі бір экономикалық қызметті іске асыру. Яғни, адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылық құндылықтар қалыптастырады және әдет-ғұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол - отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ. Отбасында ерлі-зайыптылар арасындағы рухани қарым-қатынас мәдениетінің негізі серіктесіне өзімен тең қарым-қатынаста қарау болып табылады. Мұндай қарым-қатынас барысында ерлі-зайыптылар өздерінің рухани әлемін, айналасындағылармен байланыс қабілеттерін жетілдіре түседі. Егер де ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінен өзін жоғары санап, өз тұғасын биік қойса, онда өзара түсінушілік ғана бұзылып ғана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынастың барлық түрінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Осы орайда, ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сыйлауы, өзара қолдауды қамтамасыз етуі аса маңызды болып табылады. Бұл жағдайлар нәтижесінде жан тыныштығын сақтауға және эмоциялардың жақындасуына көмектеседі.

Тірек сөздер: отбасы, құндылық, қарым-қатынас, ерлі-зайыпты

Кіріспе. Қазіргі қоғамда жастарды отбасылық өмірге және некеге психологиялық жағынан дайындау басты міндеттердің бірі екендігін жоғарыда айтылған болатын. Біздің жұмысымызда отбасылық өмірге отбасылық құндылықтар арқылы психологиялық дайындау мәселесі қарастырылады. Өйткені ересек адамдар әсіресе жастар отбасы адамға не үшін керек деген сұрақты сирек қояды [1]. Бүгінгі жаһандану жағдайында «отбасы» ұғымы әрбір тұлға үшін әртүрлі мағына береді. Отбасы ұғымы бала үшін ата-ана және аға-апа, бауырларына байланысты қарастырылады, яғни оның тәрбиесіне қатысатындар арасындағы қарым-қатынас болса, ал жастар үшін некелескеннен кейін өзіне және оның жарына, содан кейін болашақ балаларына қатысты саналанады [2].

Отбасы туралы философ, педагог, психолог, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы және т.б. ғалымдар анықтама беріп, еңбектер жаза отырып, осы мәселенің негізін қалаған. Айталық, әлеуметтанушылардың пікірінше, отбасы бұл қоғамның ажырамас бөлігі, оны тар мағынада қолдану мүмкін емес десе, ал психологтар отбасы бұл әлеуметтік институт, қоғамның бастауыш ұйымы, бірігіп шаруашылық жүргізетін және өмір сүретін кіші топ деп қарастырады. Отбасылық өмір туралы жағымды көзқарастар жастарды тұлғалық

үйлесімді дамуға және өмірлік бақытты етуге жетелейді. Жас отбасының тұрақтылығы олардың неке құруға психологиялық дайындығымен ерекшеленеді. Аталмыш жүйе тұлғаның әлеуметтік–психологиялық орнығуымен және ерлі-зайыптылардың өмірге деген эмоциялық–психологиялық қарым–қатынасымен анықталады. Ал кейбір ғалымдар неке мен отбасының тұрақты қарым–қатынасы неке құруға психологиялық дайындығымен байланысты деп көрсеткен[3].

Көптеген отбасы мәселесімен айналысқан мамандар жастардың некеге және отбасыға деген қатынастарын талдады [4]. Отбасы жағдайы және онда жүргізілетін тәрбие мәселесімен айналысқан зерттеушілер отбасының және некенің тұрақ-тылығының басты шарты тұлғалардың адамгершілік деңгейі деп есептейді. Шын мәнісін-де адам санасында белгілі адамгершілік қасиеттердің даму деңгейі отбасы сферасы үшін маңызды болып табылады. Дегенмен, қазіргі таңда жастардың отбасын құруға деген же-текші мотивтерінің бірі махаббат екені белгілі. Осы отбасын құрудың басты мотиві махаб-бат болса, жастар бұл ұғымның мағынасын әртүрлі түсінеді, сезінеді және бағалайды.

Зерттеушілердің *Р.Бендлер.*, *Р.Саймонның* еңбектерінде этнопедагогиканың және этнопсихологияның озық үлгілерін пайдалану жолдары көрсетіледі. Отбасының әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық мәселелерінде оның тұлғаны тәрбиелеу институты ретіндегі маңызына мән беріледі. Отбасы тәрбиесінде жекелеген этномәдени дәстүрлердің танымдық-тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалады. Сонымен қатар, этнопедагогика мен этнопсихологиядағы отбасылық тәрбиеде ұлттық және жалпыадамзаттық сабақтастықтар, жаңа мен дәстүрлі ықпалдастықтар мәселелері терең талданады [5, 6].

Ғылыми педагогика мен психология этнопедагогика мен этнопсихологияға қайшы келмейді. Керісінше, оларды әдіснамалық тұжырымдармен байыта түсе отырып, зерттеулер ауқымын кеңейтеді. Солай бола тұра олардың бірқатары бұрынғы қоғамдық құрылымдардың ұстанымдарына сәйкестендірілген. Алайда, олардың түп-тамырының мәні қазіргі жағдайға толық сәкес келетіні ешбір талас тудырмайтыны сөзсіз. Бүгінгі күннің ағымы қоғамдағы отбасының рөлі мен оның жай-күйін елеулі өзгерістерге ұшыратып қоймай, сонымен қатар, олардың қызмет аясына, сипатына және мазмұнына едәуір ықпал етіп отырады (*Хьелл Л., Фром Э.*). Бұларға төмендегі жайларды жатқызуға болады:

- әлеуметтік институттар (білім беру мекемелерінен өзге) негізінен тәрбие процесстерінен алшақтаған жағдайда ата-аналардың қызмет аясы отбасылық шаруашылықты жүргізумен ғана шектеліп қалмайды, жауапкершіліктің едәуір ауқымы ата-аналарға түседі;

- коммуникация құралдары арқылы аса кең көлемде жүргізіліп отырған шетелдік мәдениеттің әсер-ықпалы көп жағдайларда халқымыздың ұлттық құндылықтарына және тәрбиесіндегі идеалдарға түбірімен қарама-қайшы келеді;

- әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрлерін өркендетуде ұлттық құндылықтарды орнықтыра түсу аса қажет [7, 8].

Қазақстандық ғалым Ж. Қоянбаевтың еңбектерінде халық педагогикасында жастарды болашақ некелік-үйелмендік өмірге дайындау ана мен әкенің басты міндеттерінің бірі болып есептелінеді деп тұжырымдалған [9].

Отбасындағы ерлі-зайыптының бірлігі, ынтымақтастығы мен сүйіспеншілігі, татулығы мен өмірге деген жаңа және қызығушылық көзқараспен қарауы, бір-біріне жылы қамқорлығы, ата-анаға деген ізеттілігі, олардың өзара адамгершілік қарым-қатынастарын байытты [10].

Атап айтқанымыздай мұндай үйелмендік өмір балаларға өнеге көрсететін, қуаныш пен шаттыққа бөлейтін ұстамды, берік, бірлікті, баянды, бақытты әлеуметтік отбасына айналуға. Қазақ халқында қазіргі кезеңнің өзінде де балаларды болашақ үйелмендік өмірге яғни болашаққа нық сеніммен қарауға, өзіне деген болашағына деген сенімділікпен қарауға даярлау — ана мен әкенің тікелей борышы болып есептелінеді.

Кеңес ғалымы Е.С. Калмыкова ерлі-зайыптылардың өмір сүрулерінің алғашқы жылдағы мәселесін айта келіп, отбасылық өмірдің алғашқы екі жылы - бұл қарым-қатынастың жеке стереотиптерінің қалыптасу уақыты, құндылықтар жүйесінің сәйкестену, жалпы тәртіптік бағыттарды өңдеу уақыты екенін атап көрсетеді [11]. Аталмыш ғалым бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынас түрін іздестіреді. Бұл кезеңде келесі міндеттер шешіледі:

- отбасы құрылымының қалыптасуы;
- ерлі-зайыптылар арасындағы функцияларды (рөлдерді) тағайындау;
- жалпы отбасылық құндылықтарды өңдеу.

Отбасының тәрбие қызметі — өзіндік тепе-теңдікті сақтауды қажет ететін іштей қарама-қайшы процесс. Тәрбие қызметі әлеуметтік өмірді реттеуші ретінде жеке адамды тұншықтырмаса, ал соңының өзінің дамуы социумның өзіне қауіп төндіре қоймасы анық. Басқалай алғанда тәрбие қызметі, қоғам алдында, жақындары алдында белгілі жауапкершілікті сезінетін азат және жеке адам тәрбиелеу керек.

Осы пікір туралы бір кезде Құдиярова А. былай деп жазған: “Сен әр уақытта адамзатқа өзіңе қарағандай қара, еш уақытта құрал ретінде емес, мұрат ретінде қара” [12]. Отбасы жағдайындағы тәрбиелік процесс әр уақытта прогрессивті бола алмайды. Оның ыдырауы да әбден мүмкін. Осының бәрі оның сапалы бағыттылығына байланысты болады.

Шетелдік ғалым Л. Анзорг жазғандай, адам баласын жалғыздық азабынан құтқарады, жан-жақты үйлесімділікке апарады, өзін әлемде үйдегідей сезіндіреді, әлеммен бірге бірлік сезіміне ықыласпен жетуге мүмкіндік береді [13]. Біздің ойымызшы отбасындағы бақыттың табиғаты басқаша сияқты болып көрінеді. Осыған байланысты бақытты отбасының феномені адам табиғатының дуализміне негізделініп келген: қарым-қатынасқа ұмтылу, әлеуметке айтарлықтай көңіл бөлу, өзімен-өзі болу, жалғыздықтан құтылу, өйткені, бір жағынан, жеке тұлға әлеуметтік қоғам алдында жауапты, екінші жағынан, ол жеке дара, өзін-өзі алға қойған мақсаттарын іске асыруға ұмтылыс жасап, өзінің “менін” қорғап қалуға жады талпынады [14, 15].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бірінші кезеңде студент-жастардың отбасылық өмірге дайындығы психодиагностикалық әдістер арқылы зерттелді. Бұл кезеңде «Отбасылық қобалжуды анықтау» сауалнамасы, «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау» әдістері пайдаланылды.

1. «Отбасылық қобалжуды анықтау» сауалнамасы авторы Э.Г.Эйдемеллер және В.Юстицкис (2000) Әдістеменің мақсаты: Индивидтің жалпы қобалжуын зерттеу, оның отбасына деген көзқарасы және отбасының оны қалай қабылдайтынын анықтау.

2. «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау» әдістемесі. Әдістеме авторы Е.Бене және Д.Антони Е.Бене, (1999). Бұл отбасындағы тұлғаның эмоциялық қатынасы мен көзқарасын анықтауға арналады. Тест арқылы отбасы мүшелеріне деген бір-біріне сезімін, қатынаста өзін қалай қабылдауын сандық және сапалық жағынан бағалауға мүмкіндік алады. Тұлғаның қандай психологиялық қорғану типін қолданып жүргенін анықтауға болады.

Әдістеменің екі түрі бар: 1) 4-6 (8) жас кіші балалары үшін. 2) 6- (8) 10 жас және студенттерге арналған.

Екінші кезеңде біз жастардың отбасылық құндылықтары анықталды. Мұнда төмендегі әдістемелер пайдаланылды:

Эссе жазу: «Менің елесімдегі отбасылық өмір»


Нәтижелер. Бірінші әдістемеді «Отбасылық қобалжуды анықтау» сауалнамасы пайдаланылды. Бұл әдістеменің авторы Э.Г.Эйдемеллер және В.Юстицкис (2000) Әдістеменің мақсаты: индивидтің жалпы қобалжуын зерттеу, оның отбасына деген көзқарасы және отбасының оны қалай қабылдайтынын анықтау болып табылады. «Отбасылық қобалжу» сауалнамасы 21 сұрақтан тұрады. Бұл әдістемеден біз отбасына деген қатынасын, ол туралы әсерлерін анықтай аламыз. Сонымен қатар, болашақтағы

отбасындағы мүмкін жағдайлардың алдын алу мақсатында мәліметтер алынады. Біздің қозғап отырған «Отбасылық қобалжу» деген ұғымда отбасының бір мүшесі үшін, қалған мүшесі бейсанада қобалжитыны белгілі.

1-кесте – 2-4 курс студенттерінің отбасылық қобалжу көрсеткіштері (N-80)

№	Нәтиже көрсеткіштері	2 курс студенттері	4 курс студенттері
1	Суб шкала В	47%	53%
2	Суб шкала Т	39%	35%
3	Суб шкала Н	20%	22%

Отбасылық қобалжу сауалнамасы бойынша үш суб шкалада 2 курс студенттері жоғары көрсеткішті көрсетті. «Отбасылық қобалжуды анықтау» сауалнамасының нәтиже көрсеткішін төмендегі суреттен көруге болады.



1-сурет – «Отбасылық қобалжуды анықтау» сауалнамасының нәтиже көрсеткіші

Эксперименттің диагностикалық кезеңінде жүргізілген екінші әдістеме «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау» болып табылады. Бұл әдістеме авторлары Е.Бене және Д.Антони. (1999ж.). Әдістеме отбасындағы тұлғаның эмоциялық қатынасы мен көзқарасын анықтауға арналады. Тест бізге отбасы мүшелеріне деген тұлғаның сезімін, қатынаста өзін қалай қабылдауын сандық және сапалық жағынан бағалауға мүмкіндік алады. Тұлғаның қандай психологиялық қорғану типін қолданып жүргенін анықтауға болады. Бұл әдістемені пайдалану себебіміз: отбасылық қарым-қатынас болашақ отбасы иегерін тәрбиелейді. Отбасына деген жағымды қатынастың орнауы үшін әрбір мүшесінің рөлі ерекше. Сондықтан отбасына деген эмоциялық қатынасты анықтау арқылы біз болашақ отбасындағы кездесетін немесе тұлға қашқақтайтын жағдайларды анықтадық.

Пайдаланып отырған әдістеменің екі түрі бар:

1) 4-6 (8) жас кіші балалары үшін;

2) 6- (8) 10 жастағы балалар мен студенттерге арналған түрі. Кішкентай балалар арналған нұсқасында қатынас келесі мазмұнды береді:

- баладағы жақсы сезім өзгеден алынатын жағымды сезім ретінде болады;
- балада жағымсыз сезімнің пайда болуы, өзгеден шығатын күйзелісті қайталау түрінде;
- өзгеге тәуелді.

Ересектерге арналған варианты тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуге арналады:


- Бұл екі түрлі жағымды қатынастан тұрады: әлсіз және күшті. Бұл жерде әлсіз сезім достықты мақұлдау және қабылдаумен байланысады, ал күшті сезім жыныстық күйзелістен, ол жекелік жыныстық байланыс және айла-амалдан тұрады;
- Екі түрлі жағымсыз қатынас: әлсіз және күшті: әлсіздігі достықты қабылдамау мен мақұлдамаудан тұрады; күштілігі кектену мен қастасудан тұрады.

Бұл әдістемені жүргізуде 20 фигурадан тұратын материал берілді. Бұл фигуралар барлық жастағы адамдардың түрін, мөлшерін, көлемін бейнелейді. Себебі бұл отбасы мүшелерін арнайы жасауға көмектеседі. Әдістеменің әрбір сұрағы бөлек жеке жолаққа жазылып, көрсетілген. Экспериментке қатысушыларға сөздер кімге арналады соны байқап сол фигурамен бірге жәшікке салыңыз деп сұрадық. Әдістеменің басты міндеті сыналушыларды келесі субъектіні көру эмоциялық реттелу арқылы жүргізіледі. Сыналушылар ыңғайлы дене күйінде отбасы мүшелерін көрсететін фигураларға жақын жерде орналасады. Сыналушыларға фигураларды таңдатып алып, келесі кезекте одан отбасы мүшелерінің қайсысын көретін сұрап отырдық. Алынған мәліметтерді хаттамаға тіркеп отырдық. Бұл фигуралармен жұмыс жасап отырғанда отбасы мүшелерімен қарым-қатынасқа түскендей сипатта қарастырады. Төменде біз осы әдістеме бойынша алынған мәліметтердің көрсеткіштерін ұсынамыз:

2-кесте – 2-4 курс студенттерінің отбасындағы эмоциялық қатынас көрсеткіштері (N-80)

№	Сыналушы топтар	Жағымды қатынас	Жағымсыз қатынас	Тәуелді қатынас
1	2 курс студенттері	54%	12%	34%
2	4 курс студенттері	61%	9%	30%

Бұл әдістеме бойынша біз жағымсыз қатынастардың көрініс бергенін байқап отырмыз. Сыналушылармен пікірлесу барысында біз оның себептерін төмендегі мәселелерден туындайтынын анықтадық:



2-сурет – «Отбасында эмоциялық қатынасты анықтау» әдістемесінің нәтижесі.

- Ата-анасының ажырасуы;
- Ата-анасының жағымсыз әдеттерге бой алуы;
- Қалаған мамандығына түсуге мүмкіндік бермеу;

- Материалды құндылықтарды қанағаттандырылмауы;
- Шектен тыс қамқорлық пен талапшылдық.

Экспериментіміздің екінші кезеңінде біз студент-жастардың отбасылық құндылықтары анықтадық. Студенттердің отбасылық өмір туралы пікірін білу үшін «Менің елесімдегі отбасылық өмір» тақырыбында эссе жазылды. Бұл бізге жастардың отбасылық өмірге деген жағымды және жағымсыз сезімдерін, материалдық жағдайға деген қатынасын және жыныстық қарым-қатынас маңыздылығын, жалпы алғанда отбасылық құндылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде төмендегі кестеде көрсетілді:

3-кесте – 2-4 курс студенттерінің отбасылық өмір құндылықтары мен көрсеткіштері

№	Отбасылық өмір құндылықтары	Көрсеткіштері
1	2	3
1	Жағымды сезімдер	-жауапкершілік; -сенімділік; -бақытты болу; -қамқорлық; -сыпайылық; -татулық; -түсінушілік; -келісушілік; -сүйіспеншілік; -көмектесу; -қуаныш; -қолдау; -адамгершілік; - қарапайымдылық; -мейірім; -қуаттау; -тірек; -татулық; -әдемілік; -адалдық; -шынайылық; -тіл таба білу.
2	Жағымсыз сезімдер	-ұрыс-керіс; -реніш; -қайғы; -түсініспеушілік; -алдау; -сенімсіздік; -жауапсыздық; -менсінбеушілік; -өркөкіректік; -менменшілдік; -эгоистік.
3	Материалдық	-қызмет; -қаражат; -дүние-мүлік; -тәуелсіздік; -өзбеттілік.
4	Жыныстық қарым-қатынас	-мәдениет; -тазалық; -сауаттылық; -пәктік; -адалдық.

1	2	3
5	Ата-аналық рөлдер	-тәрбие; -жылылық; -махаббат; -үлгілі әке; -аяулы ана.

Жоғарыдағы кестеде біз жастардың отбасылық өмір құндылықтарын анықтап алдық. Осы көрсеткіштер бізге қазіргі жастардың отбасылық өмір құндылықтарының пайыздық сипатын беруге мүмкіндік берді.

4-кесте – 2-4 курс студенттерінің отбасылық құндылықтары

№	Сыналушылар	Жағымды сезімдер %	Жағымсыз сезімдер %	Материалдық жағдай %	Жыныстық қарым-қатынас %	Ата-аналық рөлдер %
1	2 курс студенттері	27,1%	5,7%	35,2	12	20
2	4 курс студенттері	33,1%	3,1%	34,9	15	13,9

Жоғарыдағы кестеде көріп отырғандай қазіргі жастардың басты құндылықтары материалдық жағдай (1 курс студенттерінде - 35,2%; 2 курс студенттерінде -34,9%) болып отыр. Яғни, жеткілікті материалдық жағдай болған жағдайда ғана жағымды қатынас болады деген пікірмен сайып келеді. Отбасындағы түсініспеушілік, ұрыс-жанжал және отбасылық дағдарыстың шығу себебін материалдық жағдаймен байланыстырады.

Қорытынды. Жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындауды отбасылық құндылықтар арқылы негізделуіне орай ұлтымыздың рухани қазынасы сараланып, жағымды қатынас туындату жағдайы қарастырылды. Отбасында әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы егесі ретінде қалыптасуының негізі болып табылады.

Демек, бақытты отбасы — осы қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын отбасы ретінде қарауға болады. Қазіргі таңда некеге тұруға дайындалып жүрген көп жастар отбасына бақытты болатын жер деп санайды. Отбасын құруға түрткі болатын себептер (махаббат, балалы болуға ықылас, жалғыздық қорқынышы, қиын сәттерді бірге өткізу, т.б.) бақытты болуға негізделген. Еліміздегі жастардың көбісі өз бақытының міндетті шарттарының бірі отбасылы болу деп қарайды. Дегенмен, мұндағы бар мәселе бұл отбасы туралы түсініктің қаншалықты әсіі жүзеге асуында, отбасының фелицитологиялық қызметінің қаншалықты көп шамада орындалуында болып отыр. Жастардың алдағы уақытта отбасындағы бақыттың не екенін түсіну үшін Дж. Добсонның, оны сақтау және қолдану адамды некеде бақытты ететін, оның көмегімен әлеуметтік институт бақыттың құралы емес, ұғынылатын отбасы құндылықтары туралы айтқанын мысал ретінде алып қарауымызға болады [15].

Жастардың болашақта отбасындағы жекелік мүдде ретінде түсіну үшін мына ұстанымдар болу керек:

1. Адам өмірінің, оның болып жатқан барлық көрінісінде, дүниеге келмекші ана құрсағындағы баланың, жесір адамның, ақыл-ойы кемістеу яғни, кемтар, сырттай келбеті көріксіз, мүше кемшілігімен азап шегіп жүрген адамдардың өмірімен қоса, өз байлығына нық сенім арту;

2. Осы мәселелер жолында пайда болатын ауыр қиыншылықтарға, ауруға, қаржылық қиын-қыстау кезеңдерге, сезімдік күйзеліс пен күштеуге қарамастан, неке

институтына, жұбайлар қарым-қатынасының өзгермеушілігіне берік берілгендігін білдірту;

3. Осының барлығы дүниенің көптеген кедергісіне қарамастан, адамзат тарихының жалғасу идеясының өзін кінәлап қаралаумен есептеспестен, қалай болғанда да сәбиді дүниеге әкелу және тәрбиелеуге ұмтылыс жасау.

Әдебиеттер:

[1] **Черников А.В.** Семейная психотерапия: информация для пользователя//Журнал практического психолога, №1–2, 2001.

[2] **Черников А.** Семейная системная терапия: интегративная модель диагностики. – М.: Независимая фирма «Класс», 2001.

[3] **Ахола, Т., Б. Фурман** Краткосрочная позитивная психотерапия (Терапия, фокусированная на решении). – СПб: Речь, 2000.

[4] **Оразбекова, К.А.** Отбасы психологиясы. Алматы, 1997.

[5] **Бендлер, Р.,** Гриндер Д., Сатир В. Семейная терапия и НЛП. – М.: Институт Общегуманитарных Исследований, 2001. – 160 с.

[6] **Саймон, Р.** Один к одному: Беседы с создателями семейной терапии. – М.: Независимая фирма «Класс», 1996. – 147 с.

[7] **Хьелл, Л.,** Зиглер Д. Теории личности. – СПб.:Изд-Во «Питер»,1997. – 608 с.

[8] **Фромм, Э.** Бегство от свободы/Исследование природы любви /Пер. с англ. – Г.Ф.Швейника /Общ.ред. П.С.Гуревича. – М., 1990. – 160 с.

[9] **Қоянбаев, Ж.** «Отбасы және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі» Алматы «Рауан», 1990. – 312 б.

[10] **Гребенников, И.В.** Основы семейной жизни: учебное пособие. – М., 1991

[11] **Калмыкова, Е.С.** Психология современной семьи. – М., 1988. – 208 б.

[12] **Құдиярова, А.** «Ортақтасу психологиясы» Алматы: Дарын, 2002.

[13] **Анзорг, Л.** "Дети и семейный конфликт" – М.: Просвещение, 1987.

[14] **Ибраимова, Л.** Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі. Оқу әдістемелік құрал. Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз, 2016ж.

[15] **Қоянбаев, Ж.** Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі. Алматы, Рауан,1990 ж.

References:

[1] **Chernikov, A.V.** Semeynaya psikhoterapiya: informatsiya dlya pol'zovatelya//Zhurnal prakticheskogo psikhologa, №1–2, 2001 [in Russian].

[2] **Chernikov, A.** Semeynaya sistemnaya terapiya: integrativnaya model' diagnostiki. – М.: Nezavisimaya firma «Klass», 2001 [in Russian].

[3] **Akhola, T., Furman B.** Kratkosrochnaya pozitivnaya psikhoterapiya (Terapiya, fokusirovannaya na reshenii). – SPb: Rech', 2000 [in Russian].

[4] **Orazbekova, K.A.** Otbası psixologiyası. Almaty,1997. [in Kazakh].

[5] **Bendler, R.,** Grinder D., Satir V. Semeynaya terapiya i NLP. – М.: Institut Obshchegumanitarnykh Issledovaniy, 2001 [in Russian].

[6] **Saymon, R.** Odin k odnomu: Besedy s sozdatelyami semeynoy terapii. – М.: Nezavisimaya firma «Klass», 1996 [in Russian].

[7] **Kh'yell, L.,** Zigler D. Teorii lichnosti. – SPb.:Izd-Vo «Piter»,1997. – 608 b [in Russian].

[8] **Fromm, E.** Begstvo ot svobody / Issledovaniye prirody lyubvi /Per. s angl. – G.F.Shveynika /Obshch.red. P.S.Gurevicha. – М., 1990. –160 s [in Russian].

[9] **Qoyanbaev, J** «Otbası jäne balalar men jetkinşekter tärbiesi» Almatı: «Rawan», 1990 [in Kazakh].

[10] **Grebennikov, I.V.** Osnovy semeynoy zhizni: uchebnoye posobiye. –М., 1991 [in Russian].

[11] **Kalmykova, Ye.S.** Psikhologiya sovremennoy sem'i. – М., 1988. – 208 s [in Russian].

[12] **Qudiyarova, A.** «Ortaqtasw psixologiyası». – Almatı: Darın, 2002 [in Russian].

[13] **Anzorg L.** "Deti i semeynyy konflikt" М.: "Prosveshcheniye", 1987 [in Russian].

[14] **İbraimova L.** Qazaq xalqınıñ otbasılıq tärbiesi. Oqw әdistemelik qural. Taraz memlekettik pedagogikalıq instıtıwtı, Taraz, 2016. [in Russian].

[15] **Qoyanbaev J.** Semya jāne balalar men jetkinşekter tārbiesi. Almatı, Rawan, 1990. [in Russian].

СПОСОБЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ КРИЗИСА В СУПРУЖЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ С ПОМОЩЬЮ СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Казиев К.О., PhD
Несипбаева Д.Б., магистрант

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, г.Атырау, Казахстан

Аннотация. В настоящее время одной из главных задач является новый характер адаптации молодежи к жизни. Это связано с тем, что кардинальные повороты, происходящие в обществе, успех науки и техники оказывают сильное влияние на психику личности. Таким образом, для поддержания психологического баланса молодых людей, которые быстро адаптируются к течению жизни, роль семейных отношений, Общественной силы, в том числе семейных ценностей, является исключительной. Семья-комплексное социальное явление, в котором многообразные формы общественных отношений и процессов сливаются в единое целое. Поэтому, являясь социальным явлением, оно создает человечество в соответствии с условиями его существования, а его традиции и повадки с течением времени приобретают новый характер.

Семья в социологической науке показывает: семья – исторически изменяющаяся социальная группа, общими чертами которой являются установление половой связи с чужим человеком, система родственных отношений, формирование и развитие личностно-нравственных качеств человека, осуществление определенной экономической деятельности. То есть, создавая семью, человечество социализируется в этом небольшом государстве, формирует семейные ценности и развивает традиции обычаев. Согласно приведенному определению семьи, это социальная группа, в которой исторически изменяются отношения в семье, структура и форма семьи. В семье основой культуры духовных отношений между супругами является отношение к партнеру в равноправных с ним отношениях. В ходе таких отношений супруги совершенствуют свой духовный мир, умение общаться с окружающими. Если один из супругов считает себя выше другого и ставит свою пьедестал выше, то взаимопонимание может не только сломаться, но и привести к разрыву всех видов отношений.

В этой связи, очень важно, чтобы супруги уважали друг друга, обеспечивали взаимную поддержку. Эти ситуации помогают сохранять душевное спокойствие и сближают эмоции в результате.

Ключевые слова: семья, ценность, отношения, супружеская пара

WAYS TO PREVENT A CRISIS IN MARITAL RELATIONS WITH THE HELP OF FAMILY VALUES

Kaziev K.O., PhD
Nesipbaev D.B., Master's student

Atyrau University named after H. Dosmukhamedov, Atyrau city, Kazakhstan

Annotation. Currently, one of the main tasks is the new nature of the adaptation of young people to life. This is due to the fact that the cardinal turns taking place in society, the success of science and technology have a strong impact on the psyche of the individual. Thus, in order to maintain the psychological balance of young people who quickly adapt to the flow of life, the role of family relations, Social force, including family values, is exceptional. The family is a complex social phenomenon in which diverse forms of social relations and processes merge into a single whole. Therefore, being a social phenomenon, it creates humanity in accordance with the conditions of its existence, and its traditions and habits acquire a new character over time.

The family in sociological science shows: the family is a historically changing social group, the common features of which are the establishment of sexual intercourse with a stranger, the system of

kinship relations, the formation and development of personal and moral qualities of a person, the implementation of certain economic activities. That is, by creating a family, humanity socializes in this small state, forms family values and develops traditions of customs. According to the above definition of a family, it is a social group in which family relationships, structure and form of the family change historically. In the family, the basis of the culture of spiritual relations between spouses is the attitude towards a partner in an equal relationship with him. In the course of such a relationship, the spouses improve their spiritual world, the ability to communicate with others. If one of the spouses considers himself above the other and puts his pedestal higher, then mutual understanding can not only break down, but also lead to the rupture of all kinds of relationships.

In this regard, it is very important that the spouses respect each other, provide mutual support. These situations help to maintain peace of mind and bring emotions closer together as a result.

Keywords: family, value, relationship, married couple.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАҢДАУ ПӘНІНЕН САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ералиева С.Ж., техника ғылымдарының кандидаты
esg_1971@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-7973-8483>

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан

Аңдатпа. Осы мақалада жоғары оқу орнының техникалық мамандығының таңдау пәнінен өтілген сабақта қолданылған инновациялық оқыту әдістерінің сапалы білім беру мен командада немесе ұжымда жұмыс істей алу қабілетіне ие кадрларды даярлаудағы тиімділігі қарастырылған. Атап айтқанда, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 6В07260-«Азық-түлік өндірісінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курстың ТПП-20-1 оқу тобы студенттеріне, бекітілген сабақ кестесі бойынша өткізілген, «Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру» атты таңдау пәнінен «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбындағы дәрістік сабақ нәтижелері арқылы техникалық мамандықтың таңдау пәнінен өтілген сабақта қолданылған инновациялық оқыту әдістерінің сапалы білім беру мен командада немесе ұжымда жұмыс істей алу қабілетіне ие кадрларды даярлаудағы тиімділігі дәлелденген. 6В07260 - «Азық-түлік өндірісінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды болашақта бір командада немесе ұжымда жұмыс істей алу қабілетіне ие кадрлар ретінде қалыптастыру үшін дәрістік сабақта «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясын қолданудың маңыздылығы сабақ нәтижесі арқылы дәлелденді. Сабақта қолданылған «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы білім алушылардың болашақта бір командада жұмыс істеу қабілетіне ие болуларына ықпал етеді. Дәрістік сабақта қолданылған «Төңкерілген сынып (сабақ)» атты инновациялық оқыту әдісі білім алушылардың сабақ тақырыбын сапалы әрі нәтижелі меңгеруіне септігін тигізетіндігі анықталынды. Техникалық мамандықтардың таңдау пәндерінен дәрістік сабақтарда «Ассоциация» оқыту әдісін сабақты қорытындылауда қолдану аса тиімді екендігі сабақ нәтижесі арқылы дәлелденді.

Тірек сөздер: Техникалық, мамандық, пән, инновациялық технологиялар, білім, команда немесе ұжым, кадр.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында «Жаһандық экономикалық сын-қатерлер, технологияның қарқынды дамуы мен білім экономикасының өсуі білім беру мен оқытудың жаңа әдістерін қажет ететіндігін көрсетеді. Білім беру бағдарламалары мамандандырылған салалық дағдыларға, сондай-ақ күрделі кешенді міндеттерді шығармашылық және инновациялық шешу дағдыларына, үздіксіз жетілдіру және командада жұмыс істеу қабілетіне ие кадрларды даярлауға бағытталуға тиіс, - деп көрсетілген [1].

Қазіргі таңда еліміздің жоғары оқу орындарының басты міндеті - Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының бағыттарын негізге ала отырып, оның міндеттерін оқу үдерісінде орындау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. «Қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарының таңдау пәндерінен сапалы білім берудің тиімді инновациялық технологиялары» тақырыбын ашып көрсету үшін өзім дәріс беретін 6В07260-«Азық-түлік өндірісінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша 3-курстың ТПП-20-1 оқу тобы студенттеріне, бекітілген сабақ кестесі бойынша өткізілген, «Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру» атты таңдау пәнінен «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбындағы дәрістік сабақ арқылы ашып көрсетпекшімін. Дәрістік сабақтың оқыту әдістері келесілер: «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы, «Рольдік (іскерлік)

ойындар» атты интербелсенді оқыту технологиясы, «Төңкерілген сынып (сабақ)» атты инновациялық оқыту әдісі, «Ассоциация» әдісі.

Интербелсенді оқыту технологиясы – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, мұғалім мен білім алушының іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз [2].

Интербелсенді оқыту технологияларына жататындар: жұппен жұмыс, ауыспалы үштіктер, әткеншек, шағын топтардағы жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл, шешімдер ағашы, ролдік (іскерлік) ойындар, пікірталас, дебаттар және т.б.. Сонымен қатар, оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөледі, олар: топтық оқыту, фронтальдық оқыту, ойын барысында оқыту, пікірталас барысында оқыту. Олардың ішінде ойын барысында оқыту әдісіне ролдік ойындар, драматизациялау жатады [9, 14].

Топ – бұл ортақ мақсатқа жету үшін құрылған адамдар тобы. «Топтық жұмыс» термині - өзара іс-әрекет жасап, соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің құрылымы. Топтық жұмыстың мақсаты-оқыту мен оқу тәсілдері арқылы мәселелерді шешуде, тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуі. Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды топ болып шешуді көздейді. Шағын топ - ортақ әрекетпен, өзін ұстау нормаларымен біріккен, жақын эмоционалдық қарым-қатынаста болатын саны аз адамдар тобы (3-тен 15 адамға дейін). Сабақтық жүйенің аясындағы ұжымдық-топтық жұмысты ұйымдастыру шағын топқа арналған. Шағын топ - ортақ мақсат-міндеттер арқылы бір-бірімен тікелей байланысатын адамдар бірлестігі. Шағын топтағы моральды-психологиялық кейіп кіші топтың әлеуметтік психологиялық күйін сипаттайтын түсінік. Бұл түсінік негізінде топ мүшелерінің бір-біріне, іске қатынасына деген әдептік нормалар, топ мүшелерінің алдарына қойылған мәселелерді ұйымдасып шешуіне және жұмыс жасауына психологиялық дайындығы қарастырылады.

«Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы бойынша білім алушылар 4-5 адамнан шағын топтарға бөлінеді. Оларды бөлуге әртүрлі әдіс қолданылады. Мысалы, оқытушы білім алушыларға бір, екі, үш, төрт деп санауды ұсынады. Санақ саны қанша топ құру қажетіне сәйкес алынады. Біріншілер бірінші топқа, екіншілер екінші топқа, т.с.с. топтасады. Шағын топтардағы жұмыс барлық қатысушыларды белсенді іс-әрекетке, ашық пікір алмасуға, пікірсайысқа тартуға мүмкіндік береді. Тапсырма орындалғаннан кейін әр топ орталарынан жұмыс қорытындысын хабарлайтын топ басшысы немесе топ жетекшісі шығады [2,7].

Ойын түрлерінің келесідей үш түрі бар, олар: іскерлік ойындар, блиц-ойындар, ролдік ойындар. Іскерлік ойындардың мақсаты – білім алушыларды күрделі шешімдерді қабылдай білуге үйретіп, ұжымдағы өзара қарым-қатынасты айқындап, білім алушының білімі, білігі мен жеке қасиеттерін тексеруге мүмкіндік береді. Іскерлік ойыны білім алушының жауапкершілік, іскерлік, шыншылдық, мақсаткерлік, танымдық белсенділігін дамытады. Ролдік ойындардың мақсаты – ойындық жобалау арқылы білім алуды мәнді түрде белсенді жасауға ықпал ету, оны нәтижелірек ету, сонымен қатар белгілі бір мәселелерді шешуге мүмкіндік жасай отырып, білім алушылардың белсенділігін арттыру [3, 10].

Аталған оқыту технологияларының ішінен дәрістік сабақтың оқыту әдістерінің бірі ретінде сабақта қолдану үшін «Ролдік (іскерлік) ойындар» әдісін таңдадым.

«Ролдік (іскерлік) ойындар» әдісі шағын топтарда (3-4 білім алушы) жүргізіледі. Қатысушы білім алушылар ойын шарты мен тапсырмаларды алған соң рольдерді бөліседі, жағдаятты ролде ойнап, бүкіл топқа көрсетеді. Оқытушы ролдерді білім алушылардың мінез-құлқына сәйкес өзі бөліп бере алады. Бұл әдістің артықшылығы, қатысушы білім алушылар нақты ұсынылған жағдайда өзін көрсете алады, шын мәнінде жағдаятты ұғынады, қайсыбір әрекет болғанда да оның салдары қандай болатынын сезініп, дұрыс шешім қабылдауға жаттығады. Ойын аяқталған соң осындай жағдайларда тиімді әрекет

жасау жолдарын бірлесіп талқылайды. Ролді орындағандарды талқылаудан бұрын рахмет айтып босатқан дұрыс [2, 12].

«Төңкерілген сынып (сабақ)» - оқытудың инновациялық моделі болып табылады. «Төңкерілген сынып (сабақ)» атты оқытудың инновациялық моделі - білім алушының үйде оқытушының жаңа дәріс тақырыбы бойынша алдын-ала жасаған бейне-сабағы арқылы немесе әлеуметтік желі арқылы жіберген жаңа дәріс материалын өз бетімен оқып-үйреніп, дәрісханадағы сабақ барысында пайдалана алу үдерісі [4].

Оқытудың инновациялық бұл моделі бойынша оқытушы білім алушыға үйде өз бетінше оқуға енді өтілетін жаңа сабақтың материалын алдын ала ұсынады, ал кесте бойынша жаңа сабақта материалды практикалық тұрғыдан түсіндіруге уақыттың басым бөлігін жұмсау арқылы сапалы білім беруге жұмыс жасайды. Оқытушы сабақта «Төңкерілген сынып (сабақ)» әдісін қолдану арқылы білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландырады әрі сапалы білім алуға ұмтылуға бағыт-бағдар да береді [8, 11].

Инновациялық оқыту технологияларының бірі – «Ассоциация» әдісі болып табылады. Ассоциация (латын тілінен аударғанда "байланыс") – екі немесе одан да көп психикалық формациялар (сезімдер, әрекетті актілер, қабылдаулар, идеялар) арасында белгілі бір жағдайларда пайда болатын байланыс. Осы әдісті дәріс сабақтарында қолайлы қолдануға жағдай жасау үшін студенттер мен оқытушылар танымдық белсенділігі мен танымдық қызығушылығын арттыру арқылы бірлескен жұмыс жүргізулері қажет. «Ассоциация» әдісі бойынша жұмыс істеу кезінде зерттелетін материалды берудің жүйелілігіне ерекше назар аудару керек. Әдісті қолданудың маңызды шарттарының бірі-оқытушының эмоционалдылығы: мимика, ишара білдіре білуі, сөйлеу мәнерлілігі [5].

Оқытуда «Ассоциация» әдісін қолдану жаңа материалды есте сақтауда қиындықтары бар білім алушыларға оқу бағдарламасына сәйкес жаңа тақырыпты меңгеруге мүмкіндік береді [6].

Оқытудың дәстүрлі емес әдістерінің бірі - ассоциация әдісі немесе кілт сөз әдісі. Бұл әдіс ағылшын тілі сабақтарында дәстүрлі түрде қолданылатын әдістер қатарында есептеліп келді. Алайда, соңғы уақытта бұл әдіске деген қызығушылық айтарлықтай өсті. Бұл әдістеменің негізін қалаушы белгісіз, бірақ XIX ғасырдың аяғындағы әдебиетте шетелдік сөздерді есте сақтаудың ассоциативті әдісі туралы айтылған. Бұл әдіске бағытталған алғашқы ғылыми зерттеулердің бірі Аткинсонның зерттеуі болды. Ол бірлескен авторлар тобымен бірге бұл әдісті өз мақалаларында сипаттады (бұл әдіс кілт сөз әдісі деп аталады). Эксперимент Стэнфорд университетінде жүргізілді. Осы экспериментке қатысқан ағылшын тілді студенттерге орыс сөздерін кілт сөз әдісі (фонетикалық Ассоциация әдісі) арқылы және онсыз есте сақтау ұсынылды. Бұл әдісті оқыту үдерісінде қолданудың тиімділігі жоғары екендігін байқауға болады [6].

Жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарының таңдау пәндерінен өтілетін дәрістік сабақтарда оқыту әдісі ретінде «Ассоциация» әдісін қолдану білім алушылардың жаңа сабақ материалын есте жақсы сақтап, жоғары деңгейде меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқу үдерісін қызықты ететін ойын технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Дәрістік сабақтың мазмұны келесі бағыттарды қарастырды: мейрамхана кәсіпорнында тұтынушыларды қарсы алу және үстел басына отырғызу, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты қабылдау, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты орындау, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты өндіріске беру, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысқа сай үстелді жабдықтау. Дәрістік сабақтың SMART мақсаты келесі мазмұнда айқындалынды: Сабақтың соңында студенттер берілген тақырып бойынша мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету туралы толық теориялық мәлімет ала отырып, тұтынушыларға қызмет көрсетудің төрт түрлі тәсілін меңгеріп, ойындық жобалау әдісі арқылы дағдылары мен ептіліктерін қалыптастырады. Дәрістік сабақ жаңа үлгіде дайындалынған портфолио-слайд арқылы түсіндірілді.

Ендігі кезекте дәрістік сабақтың оқыту әдістерінің сабақта қолданылуы барысынан мағлұматтар беріп өтейін. Дәрістік сабақта қолданылған «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы бойынша екі топ құрылды: 1-топ «Мейрамхана тұтынушылары» деп аталды, 2-топ «Мейрамхана персоналдары» деп аталды.


Дәрістік сабақта қолданылған «Төңкерілген сынып (сабақ)» әдісі арқылы алдын-ала әлеуметтік желідегі WhatsApp мессенджері арқылы ашылған «Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру–ТПП-20-1» атты пәннің чаты арқылы «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбындағы дәрістік сабақтың мәтіні жіберілді. Яғни, сабаққа келгенде топ студенттері дәрістің мәтінімен танысып келді. Бұл білім алушылардың сабақ тақырыбын сапалы әрі нәтижелі меңгеруіне септігін тигізді.

Дәрістік сабақта қолданылған «Ролдік (іскерлік) ойындар» атты интербелсенді оқыту технологиясы бойынша «Мейрамханада» атты ролдік ойын сәтті ұйымдастырылды. «Мейрамханада» атты ролдік ойын шарты бойынша топ студенттерінің бір бөлігі мейрамханаға келуші «Тұтынушылар немесе қонақтар» ролінде болса, екінші бөлігі «Мейрамхана персоналдары» ролдерінде ойнау арқылы көрініс көрсетті.

Сабақта қолданылған «Мейрамханада» атты ролдік ойын шарты бойынша «Мейрамхана персоналдары» ролдерінде ТПП-20-1 тобының студенті - Еркін Жақсыгүл «Әкімші-администратор» ролінде, Мінәш Ерсұлтан – «Швейцар» ролінде, Әлайдарова Динарида – «Метрдотель» ролінде, Маликайдар Қалдыбек – «Даяшы» ролінде, «Мейрамхана тұтынушылары немесе қонақтары» ролдерінде – Баукенов Әлішер, Нани Гүлнұр, Нағмашова Айбану, Аяп Нұрлы, Мәлік Индира, Әділбекова Лаура көрініс көрсетті. «Мейрамханада» атты ролдік ойын шарты бойынша топ студенттерінің рольдер арқылы көрсеткен көріністерінде «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбындағы дәріс материалдары толық қамтылды.

«Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру» пәнінен «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбында өткізілген дәрістік сабағын қорытындылау барысында топ студенттері «Ассоциация» әдісі арқылы берілген «Мейрамхана» кілтті сөзінің маңына дәрістің мейрамхана кәсіпорнында тұтынушыларды қарсы алу және үстел басына отырғызу, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты қабылдау, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты орындау, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысты өндіріске беру, мейрамхана кәсіпорнында тапсырысқа сай үстелді жабдықтау жайындағы толық мазмұнын ашатындай мәліметтермен ассоциограмманы немесе ой-картасын толтырады. Сабақты қорытындылау барысында оқытушы әрбір білім алушының құрастырған ассоциограммасын немесе ой-картасын тексеріп, жаңа дәрісті тиісті деңгейде меңгергеніне көз жеткізе алады.

Сабақты қорытындылау жұмысы «Ассоциация» әдісі арқылы жүзеге асырылды (1-сурет).



1-Сурет – «Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру» пәнінен «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбында өткізілген дәрістік сабағын қорытындылауда қолданылған «Ассоциация» әдісі

Қорытынды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылары оқу үдерісінде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында келтірілген «Білім беру бағдарламалары мамандандырылған салалық дағдыларға, сондай-ақ күрделі кешенді міндеттерді шығармашылық және инновациялық шешу дағдыларына, үздіксіз жетілдіру және командада жұмыс істеу қабілетіне ие кадрларды даярлауға бағытталуға тиіс», - деп келтірілген міндеттерін орындауда. Атап айтсақ, өзім дәріс беретін 6B07260 - «Азық-түлік өндірісінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды болашақта бір командада немесе ұжымда жұмыс істей алу қабілетіне ие кадрлар ретінде қалыптастыру үшін мамандық пәндерінен тиімді инновациялық оқыту технологияларын қолданудамыз. Инновациялық оқыту технологияларының ішінен «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясын дәрістік сабақта қолданудың маңызы зор деп есептеймін. Себебі, «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы арқылы білім алушыларды бір топқа біріктіргенде олардың әрбірі топта белсенді іс-әрекет етеді, өз пікірлерін айтады, бірі-бірінің пікірлерін тыңдайды және нәтижесінде бір ортақ шешімге келеді. Топқа жауапты топ басшысын анықтап, тағайындайды және оны тыңдайды. Осылайша білім алушылардың болашақта бір командада жұмыс істеу қабілетіне ие болуларына ықпал етеді.

«Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбында өткізілген дәрістік сабағында қолданылған «Төңкерілген сынып (сабақ)» атты инновациялық оқыту әдісі білім алушылардың сабақ тақырыбын сапалы әрі нәтижелі меңгеруіне септігін тигізсе, сабақты қорытындылауда қолданылған «Ассоциация» әдісі аса тиімді екендігін көрсетті.

6B07260 - «Азық-түлік өндірісінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша «Қоғамдық тамақтану өнеркәсіптерінде сервисті ұйымдастыру» атты таңдау пәнінен «Мейрамхана залында тұтынушыларға қызмет көрсету» тақырыбындағы дәрістік сабақтың оқыту әдісі ретінде қолданылған барлық «Шағын топтардағы жұмыс» атты интербелсенді оқыту технологиясы, «Рольдік (іскерлік) ойындар» атты интербелсенді оқыту технологиясы, «Төңкерілген сынып (сабақ)» атты инновациялық оқыту әдісі, «Ассоциация» әдісі атты инновациялық оқыту технологиялары білім алушылардың сапалы білім алуларын қамтамасыз етеді және олардың болашақта бір командада немесе ұжымда жұмыс істей алу қабілетін қалыптастырады.

Әдебиеттер:

[1] Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> 08.05.2018, Астана, 2018.

[2] **Жанатбекова, Н.Ж.,** Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2021. – 248 б.

[3] **Еркебаева, Г.Г.** Қазіргі білім беру технологиялары: магистранттарға арналған оқу құралы. Алматы: ГИГА–ТРЭЙД, 2010. – 116 б.

[4] **Қоңырбаева, Ж.** Математикада білімді видео сабақтар арқылы жеткізу. URL: <https://bilimdinews.kz>.–Ақтау, 2018.

[5] Применение метода ассоциативного мышления на уроках литературы [Электронный ресурс]//Режим доступа: URL: <https://nsportal.ru/shkola/literatura/library/2014/09/25/master-klass-ot-vidimogo-k-nevidimomu-primenenie-metoda>.

[6] **Войтюлевич, Л.А.** Ассоциативный метод обучения студентов с кратковременной памятью//<https://yamal-obr.ru/articles/assotsiativniy-metod-obucheniya-studento>, 2018. – №17

[7] **Бөрібекова, Ф.Б.,** Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. Алматы, 2014. – 360 б.

[8] **Тілеуов, Қ.Қ.,** Жұмабаев Р.Н., Қоңырбаева Ж.М., Унбаева С.И., Тайбазаров Н.Ә. «Төңкерілген оқыту» әдісін оқыту үдерісінде тиімді қолдану: әдістемелік нұсқаулық./ Қ.Қ. Тілеуов, Р.Н. Жұмабаев, Ж.М. Қоңырбаева, С.И. Унбаева, Н.Ә. Тайбазаров. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018. – 41 б.

[9] «Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы 04.03.2020 ж.

[10] Қазіргі білім беру трендтері. – Алматы: "Bilim Media Group" ЖШС, 2017-326 с.

[11] **Халықова, К.З.**, Абдулқәрімова Г.А. Педагогикалық информатика / білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2009.

[12] **Ибраев, Т.К.** Реформалау жағдайындағы әлеуметтік-білім беру саласының теориялық - әдіснамалық аспектілері. – Астана. Даңғыл, 2017. – 157 б.

[13] **Көшімбетова, С.** Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2008.

[14] **Маркабаева, Г.А.** Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері/«Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы, 04.03.2020 ж. – 59-62 б

References:

[1] Qazaqstan Respublikasinin 2025 jilga deyingi strategiyalyq damu jospary: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> 08.05.2018, Astana, 2018. [in Kazakh]

[2] **Janatbekova, N.J.**, Boribekova F. Bilim berw jyyesindegi innovaciyalıq texnologiyalar: Oqu quraly. Almaty: Evero, 2021. – 248 b. [in Kazakh]

[3] **Erkebaeva, G.Ğ.** Qazirgi bilim berw texnologiyalary: magistranttarga arналған oqu quraly. Almaty: GIGA-TRÉYD, 2010. – 116 b. [in Kazakh]

[4] **Qonırbaeva, J.** Matematikada bilimdi video sabaqtar arqyly jetkizu. URL: <https://bilimdinews.kz>. – Aqtau, 2018. [in Kazakh]

[5] Primeneniye metoda assotsiativnogo myshleniya na urokakh literatury [Elektronnyy resurs] //Rezhim dostupa: URL:<https://nsportal.ru/shkola/literatura/library/2014/09/25/master-klass-ot-vidimogo-k-nevidimomu-primenenie-metoda> [in Russian].

[6] **Voytyulevich, L.A.** Assotsiativnyy metod obucheniya studentov s kratkovremennoy pamyat'yu//<https://yamal-obr.ru/articles/assotsiativniy-metod-obucheniya-studento>, 2018. – №17. [in Russian].

[7] **Böribekova, F.B.**, Janatbekova N.J. Qazirgi zamangı pedagogikalıq texnologiyalar: Oqulyq. Almaty, 2014. – 360 b. [in Kazakh]

[8] **Tileuov, K.K.**, Zhumabaev R.N., Konyrbaeva Zh.M., Unbayeva S.I., Taybazarov N.A. "Tonkerilgen okytu" adisin okytu uderisinde tiimdi koldanu: adistemelik nuskaulyk./ K.K. Tileuov, R.N. Zhumabaev, Zh. M. Konyrbaeva, S.I. Unbayeva, N.A. Taybazarov. – Astana: "Nazarbayev Ziyatkerlik mektepteri" DBBU Pedagogikalıq sheberlik ortalygy, 2018. – 41 b. [in Kazakh]

[9] "Bilim beru kyzmetinin tiimdiligin arttyrudyn innovatiyalık adisteri, kuraldary men tasilderi" atta halykaralyk gylym-tajiribelik konferenciya syn materialdar zhinagi 04.03.2020 zh. [in Kazakh]

[10] Kazirgi bilim beru trendteri-Almaty: "Bilim Media Group" ZHSHS, 2017. – 326 p.

[11] **Halykova, K.Z.**, Abdulkarimova G.A. Pedagogikalık informatics /bilim berudi akparattandyru. – Almaty, 2009. [in Kazakh]

[12] **Ibraev, T. K.** Reformalau zhagdayyndagy aleumettik-bilim beru salasynn teoriyalık - adisnamalyk aspectileri. – Astana. Daygy, 2017. – 157 B [in Kazakh]

[13] **Koshimbetova, S.** Oku-tarbie urdisinde okytudyn innovatiyalık adis-tasilderin paidalanudyn pedagogikalık shartary. – Almaty, 2008. [in Kazakh]

[14] **Markabayeva, G.A.** Bilim beru kyzmetinin tiimdiligin arttyrudyn innovatiyalık adisteri, kuraldary men tasilderi/"Bilim beru kyzmetinin tiimdiligin arttyrudyn innovatiyalık adisteri, kuraldary men tasilderi" atta halykaralyk gylym-tazhiribelik konferenciya syn materialdar zhinagi, 04.03.2020 w.-59-62 b. [in Kazakh]

ЭФФЕКТИВНЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПО ВЫБОРУ КОМПОНЕНТА ТЕХНИЧЕСКИХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ СОВРЕМЕННЫХ ВУЗОВ

Ералиева С.Ж., кандидат технических наук

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассмотрена эффективность инновационных методов обучения, применяемых на уроке по выбору технической специальности вуза, в подготовке кадров, обладающих качественным образованием и умением работать в команде или коллективе. В частности, для студентов учебной группы ТПП-20-1 3 курса по образовательной программе 6В07260-«технология производства продуктов питания» Кызылординского университета имени Коркыт Ата, по утвержденному графику занятий, Эффективность инновационных методов обучения, применяемых на уроке по выбору технической специальности, через результаты лекционного занятия по предмету «организация сервиса в промышленности общественного питания «на тему» обслуживание клиентов в ресторанном зале», в подготовке кадров, обладающих качественным образованием и умением работать в команде или коллективе, доказана. Важность использования интерактивной технологии обучения «работа в малых группах» на лекционном занятии для формирования обучающихся по образовательной программе 6В07260 - «технология производства продуктов питания» в качестве кадров, способных в будущем работать в одной команде или коллективе, доказана результатами урока. Используемая на уроке технология интерактивного обучения "работа в малых группах" способствует приобретению обучающимися способности работать в одной команде в будущем. Установлено, что примененный на лекционном уроке инновационный метод обучения «Перевернутый класс (урок)» способствует качественному и продуктивному усвоению обучающимися темы урока. На лекционных занятиях по факультативам технических специальностей доказана эффективность применения метода обучения «Ассоциация» в обобщении урока.

Ключевые слова: технические, специальность, дисциплина, инновационные технологии, образование, команда или коллектив, персонал.

EFFECTIVE INNOVATIVE TECHNOLOGIES OF HIGH-QUALITY EDUCATION BY CHOOSING A COMPONENT OF TECHNICAL EDUCATIONAL PROGRAMS OF MODERN UNIVERSITIES

Eralieva S. Zh., Candidate of Technical Sciences

Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda city, Kazakhstan

Annotation. This article examines the effectiveness of innovative teaching methods used in the lesson on the choice of a technical specialty of the university, in the training of personnel with high-quality education and the ability to work in a team or team. In particular, for students of the CCI study group-20-1 3 the course according to the educational program 6b07260-"food production technology" of the Korkyt Ata Kyzylorda University, according to the approved schedule of classes, the effectiveness of innovative teaching methods used in the lesson on the choice of a technical specialty, through the results of a lecture lesson on the subject"organization of service in industry catering "on the topic"customer service in the restaurant hall", in the training of personnel with high-quality education and the ability to work in a team or team, has been proven. The importance of using interactive learning technology "working in small groups" at a lecture session for the formation of students under the educational program 6B07260 - "food production technology" as personnel capable of working in the same team or team in the future is proved by the results of the lesson. The interactive learning technology "working in small groups" used in the lesson helps students acquire the ability to work in one team in the future. It is established that the innovative teaching method "Inverted class (lesson)" applied at the lecture lesson contributes to the qualitative and productive assimilation of the lesson topic by students. At lectures on electives of technical specialties, the effectiveness of the use of the "Association" teaching method in generalizing the lesson has been proven.

Keywords: technical, specialty, discipline, innovative technologies, education, team or collective, personnel.

АРТТЕРАПИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Ерментаева А.Р., психология ғылымдарының докторы, профессор
erasem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6860-384X>

Ахметова А.А., магистрант
amina.ahmetova.80@mail.ru

Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан

Андатпа. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Бұл мақалада қазіргі таңдағы болашақ педагогтарда шығармашыл, яғни креативті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Қазіргі жағдайда білім рөлінің өскендігі соншалық, ол қоғамның дамуына әсер ететін басты конструктивті фактор болып отыр. Бұл сөзсіз, оқытудың тиімді технологияларын жасаудың, жетілдірудің мықты стимулы қызметін атқарады.

Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарты: оқытушылардың инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір оқытушы өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады. Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді. Тәжірибе көрсеткендей-ақ, оқытудың интерактивті режимінде арттерапия элементтерін қолдану креативті жеке тұлғаны дамытудың тиімді жолдары мен шараларын жасаудың алғы шарты болады. Сонымен қатар, оқып, білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуда негізгі рөл атқарады.

Тірек сөздер: өзін-өзі реттеу, арт-терапия, болашақ педагог, қарым-қатынас

Кіріспе. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі оқытушының үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты[1].

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Алғаш арттерапияны оқу, талдау, қолдану ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Швейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың творчестволық жұмыстарына анализ жасауға негізделген фундаментальды жұмыстарынан басталады. Кейін келе Крепелин[2], Блейлер[3], Кречмер[4] сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы [5], алғаш монографиясы шықты, ол “Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер

әсері”- деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

Кратохвил арттерапияны – сублимационды, проективті және әрекетшіл деп бөледі [6].

Ал, Ялом И. арттерапияны қолдануда 4 негізі бағытты бөліп көрсетеді [7].

1. **Пассивті (енжар) арттерапия.** Дайын өнер туындыларын пациентпен анализ және интерпретация жасау арқылы емдік әсерге қолдану.

2. **Актив (белсенді) арттерапия.** Пациентте өзіндік шығармашылығын ояту, мұнда шығармашылықтық акт негізі емдік фактор болып саналады.

3. **Бірінші және екінші** қағидаларды бір мезгілде қолдану.

4. **Психотерапевттің өзіндік ролін,** оның пациентпен шығармашылық жұмысын оқудағы қарым-қатынасын акценттеуі.

Арттерапия әдісі – адамның ішкі өзіндік “Менін” сурет салуда, өлең жазғанда, скульптура жасағанда, ойланбай істесе де көрсетіп отырады деп сенімді тұжырымдайды.

Әлемдік әдебиеттерде арттерапияның емдік әсеріне әртүрлі көзқарастар бар. Олар, креативті, сублимативті, проективті және арттерапиямен босболмаушылық ретінде (арттерапия как занятость) [8].

Креативті көрініс жағынан психикаға арттерапияның адаптациялық әсерін шығармашылықпен байланыстырып, түсінуге болады. Бірінші орында терапиялық әсері бар адамның өнерге деген сенімі қойылады және өзіндік терапиялық әсерді иемденген латентті творчестволық күштің мобилизациясы. Бұл көріністердің теориялық негізі – адамда алғаш кезден-ақ оның мінез-құлқын анықтайтын рухани және альтруистік қажеттілік болады деп жеке адамды психологиялық құрылым ретінде қарастырған гуманистік бағыт болып саналады [9].

Арттерапияда тек қана белгілі бір тақырыпты таңдап алу талап етілмейді, керісінше арттерапияға қатысушылардың өмірінің әртүрлі жақтарын қамтитын тақырып болғаны дұрыс. *Оларға төмендегідей тақырыптарды ұсынуға болады [10]:*

1. Өзінің жекелік өткен шағы мен қазіргі уақыты: өзің туралы не ойлайсың; қоршаған ортада мен қалай көрінемін; менің негізгі проблемам; мендегі ең негізгі нашар көзқарас; мен және менің жағымсыз сезімдерім; мен неден қорқамын; менің жанұям; менің ата-анам; менің негізгі кемшілігім мен мәртебем; мен адамдардың арасындамын; адамдарда маған не ұнамайды; мен кімін; мен жануар ретінде; өмірлік жол; менің түстерім.

2. Болашақ, мақсат және абстрактілі түсініктер: мен қандай болғым келеді; аурусыз өмір; мен кім болғым келеді; егер мен Чародей болғанда; менің Отаным; үш арман; мен он жылдан кейін; махаббат; жеккөрушілік; сұлулық; сағыныш; еркіндік; күш пен әлсіздік; тәуелділік пен тәуелсіздік; қайырымдылық; қысым; қорқыныш; тілек; ауру; сезімталдылық; ерлік.

3. Топтағы қарым-қатынас: менің топтағы орным; топтағы менің қарым-қатынасым және проблемам; топпен кездесуге байланысты бүгінгі көңіл-күйім; топ жануарлар көрінісінде; сиқыршы топты өзгертіп жіберді; сахарадағы топ; топ дракондармен айқасуда; топ балмаскарадқа кеткелі жатыр; біздің хан сарайымыз; мен адамдарға не беріп жатырмын және олардан не күтемін; топ мүшелерінің портреттері;

Арттерапияның толық мәнінде проективті суреттер арттерапияға жатпайды, өйткені мұнда эстетикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатталмаған.

Копытин А.И. проективті арттерапияны клиенттердің хал-ахуалын толық көрсетуге жеңілдік көрсететін қосымша әдіс деп түсіндіреді [11]. Проективті арттерапияның өтілу барысында қарым-қатынас, сезім демонстрациялары стимулдануы қажет және клиент сол сезімдерді түсініп, оны өзінің басынан өткеруі қажет. Проективті суретте психотерапевт клиентке проективті характердегі сюжетті ұсынады және содан кейін суретті талдап, интерпретация жүргізеді. Арттерапия мен проективті суреттердің бір-бірімен байланысы мен өзгешеліктерінің салыстырмалы көрсетілімін 1-кестеден көре аласыздар.

Зерттеу материалдары мен әдістері. арттерапия элементтері мен дамытушы-түзетуші жаттығулар, ҰЕҰБЭ тұлғалық сауалнамасы.

1-кесте – Арттерапия мен проективті суреттердің салыстырмалы ерекшеліктері

Салыстыру критерийлері	Проективті суреттер	Арттерапия
Мақсаты	Диагностикалық	Психотерапиялық Диагностикалық Коммуникативті
Диагностикалық құрал-жабдықтары	Суреттер Суреттен кейін қойылатын сұрақтар тізімі	Суреттер Шығармашылық туындылары Вербальды қатынас Вербальды емес қатынас
Тапсырма тақырыбы	Шектеулі Тапсырманың тақырыбы мен мазмұны өтілетін тестке сәйкес келуі	Еркін Арттерапия логикасына қатысты анықталады
Психологиялық механизмдер	Проекция	Проекция Тасымал жасау
Нәтижені интерпритациялау	Стандартталған критерий-лерге сәйкес сандық және сапалық өңделуі	Қатаң түрде интерпретация жүргізу міндеттелмейді
Маманның қатысуы	Тест өту барысында маманның қатыспауы жіберіле береді	Арттерапевттің қатысуы міндетті

Әрбір студенттің оқу процесінде жетістікке жетуіне көптеген факторлар әсер етеді. Солардың ішінен сабаққа дайындалу, сабақты өз бетінше оқу, өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауы, өзінің танымдық іс-әрекетінің жеке ерекшеліктерін меңгере алуы, өзінің жұмыс уақытын дұрыс жоспарлай білуі, эстетикалық сезімі, ұжымшылдығы, ұйымдастырушылығы, еңбексүйгіштігі, білуге құштарлығы және т.б. бөліп көрсетуге болады. Жеке тұлғаның жоғарыда атап өткендей жекелік құрылымдық бөлімдерін анықтау мақсатында ҰЕҰБЭ (ОТКЛЭ) тұлғалақ сауалнамасын қолдандық және арттерапия элементтері мен дамытушы-түзетуші тренингтік сабақтар жүргізуді жоспарладық.

Әдістемелік зерттеудің міндеттері:

- ҰЕҰБЭ тұлғалық сауалнамасын топқа жүргізу, нәтижесін өңдеу;
- эксперименттік топқа арттерапия элементтерін жүргізу;
- дамытушы-түзетуші эксперимент кешенін өткізу;
- арттерапия элементтері мен дамытушы-түзетуші эксперимент кешенін өткізгеннен кейін ҰЕҰБЭ тұлғалық сауалнамасын қайта жүргізу;
- алғашқы және кейінгі сауалнама нәтижелерін өңдеп, салыстыру және болжамды дәлелдеу.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименталды бөліміндегі құрылған болжамға сәйкес топ студенттерімен арттерапия элементтерін жүргізер алдын тұлғалық ҰЕҰБЭ сауалнамасы жүргізілді.

Тақырыбы: Тұлғалық ҰЕҰБЭ(ОТКЛЭ) сауалнамасы

Мақсаты: Ұсынылып отырған сауалнама жеке тұлғаның негізгі жекелік-психологиялық ерекшеліктері мен негізгі жекелік бес қадір-қасиетін анықтауға мүмкіндік береді.

Ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік, ұжымшылдық (яғни, топқа немесе өзге бір адамдарға бағыттылық), білуге құмарлық және әсемдікке талпыну (эстетикалық өсу)

деңгейлері жинақталған сұрақтар тізімімен анықталады. Бұл сұрақтар арқылы жоғарыда көрсетілген жағымды көрсеткіштердің даму дәрежесі анықталады.

Орындау ережесі: Сізге 115 сұрақтан тұратын сауалнама бланкі мен жауап парағы беріледі. Сұрақтарды мұқият оқып шығып, “ия”, “жоқ” немесе “кейде” деп жауап беріп, оны жауап парағына белгілеңіз. Жауап берер алдын сол немесе өзге жағдайларда өзіңіздің көрсететін мінез-құлқыңызды елестетіп, объективті тұрғыда жауап беруге тырысыңыз, сауалнамада тексеру немесе өтірік жауап шкаласы да бар.

2-кесте – Тұлғалық ҰЕҰБЭ (ОТКЛЭ) сауалнамасы жауап бланкісі

№	А.Ж.Ф.	Ұйымдастыру-шылық	Еңбексүйгіштік	Ұжымшылық	Білуге құштарлық	Эстетикалық талғам
1	Азамат А.	16	13	10	12	11
2	Айгерім И.	12	13	15	14	19
3	Айдын П.	16	17	17	20	19
4	Алия Қ.	13	15	14	12	13
5	Ақмарал А	13	18	13	15	14
6	Ақмарал М.	15	22	14	14	12
7	Ахметжан Ә.	11	16	10	13	14
8	Бақытгүл Қ.	13	15	15	12	18
9	Гүлбану А.	10	14	10	11	15
10	Гүлдана А.	12	15	14	20	18
11	Гүлжамал У.	16	15	16	17	16
12	Ғабит Е.	17	20	18	19	16
13	Ділбар А.	14	15	12	10	12
14	Еркебулан Б.	13	16	12	14	11
15	Жадыра Ж..	14	15	13	16	17
16	Жанар А.	10	11	11	9	14
17	Мақпал У.	14	13	14	13	13
18	Мөлдiр А.	18	20	15	18	18
19	Нүрсүлу А.	11	13	12	15	12
20	Назипа Е.	15	12	14	15	17
21	Перизат А.	18	15	19	20	15
	Орта мәні	12	15	13	14	13

Нәтижелер. Сауалнама нәтижесін стандартталған сауалнама кілтіне салып, толыққанды өңдеу барысында олардың орта мәні шығарылып, диаграмма құрылды.

1-сабақ. «Көңіл-күйді саламыз»


1. Танысу. Бұл жаттығудың негізгі міндеті – адам ешқандай сөзді пайдаланбай-ақ, тек қана сурет арқылы өзін топқа таныстыру немесе шеңбер жасай отырып танысу ритуалын бастау. Мұнда әртүрлі ойын элементтерін пайдалануға болады.

2. «Күн сәулесі» атты графикалық тапсырма. Мұнда жүргізуші арттерапияға қатысушы студенттерге бағыт-бағдар, нұсқау бере отырып, атмосфераға ендіреді. Оларға өздеріңмен өздерің бола отырып, өздеріңді күнмін деп санаңдар дейді. Егерде сендердің көңіл-күйлерің қуанышты болса сәулелер қуанышты, ал көңілсіз болсаңдар – көңілсіз сәулелер шашырайды. Енді көңілсіз, таңқалушы, қуанышты, ашулы сәулелері шашырап тұрған күн саламыз. Бұл тапсырма қатысушыларды кейінгі шығармашылық іс-әрекетке

бағыттайды, белгісіздіктің әсерінен болатын психологиялық қысымнан арылтады. Содан кейін жүргізуші әрбір автордың туындысына комментарий береді.

3. «Көңіл-күй түстері» атты диагностикалық тапсырма.

Мұнда әрбір қатысушы адам силуэтін салып, оның көңіл-күйін білдіретін бояу түстерімен безендіреді. Осы арқылы біз қатысушылармен әңгіме-дүкен құруға ақпарат жинаймыз.



1-Диаграмма – Эксперимент жүргізу барысында қолданылған арттерапия элементтері мен тренингтерге және жалпы жұмыс барысына сипаттама беру

2-сабақ. «Қамығу» сабағы.

1. Бұл сабақта адамдардың сезімдері мен көңіл-күйлері, “қамығу” туралы әңгіме жүргізіледі. Адамда қай кездері қамығу болады? Қамығу дегеніміз не? деген сұрақтар қойылып, қамығып тұрған адамның суретін салу ұсынылады. Көптеген суреттердің арасынан қамығып тұрған адамның суретін алып, оның себебін талқылайық.

2. Графикалық тапсырма. Студенттерге қамығып тұрған бір нәрсенің суретін салу ұсынылады. Олар салған суреттерін көрсетіп, түсіндіріп өтеді және оған тиісті сұрақтар пайдаланылады. Бұл олардың жағымсыз сезімдерін сыртқа шығаруға мүмкіндік береді.

3. «Бөлме кеңістігіне бейімделу» тапсырмасы. Мұнда әрбір қатысушы бөлмедегі жабырқаулы болып көрініп тұрған затты іздеп табады. Олардың мына зат жабырқаулы деген пікірлері әртүрлі болады. Әркімнің өзіндік жеке пікірі болады. Бұл тапсырма олардың жекелік ерекшеліктерін танып білуге көмектеседі.

4. Диагностикалық тапсырма. «Шеңбер ішіндегі сурет». Бұл тапсырмада қатысушыларға жабырқау тақырыбындағы мандала салу ұсынылады. Бұл сурет арттерапия сабағының соңына дейін сақталынып қойылады. Өйткені соңғы сабақта еркін тақырыпта қайтадан мандала салынып бірінші мандаламен салыстырылады. Қатысушылар өздеріне ұнаған мандаланы тандап алады.

5. «Жетістікке жетуге жағдай жасау» тапсырмасы. Күзгі уақытта жапырақтардың түсуі адамның көңілін жабырқаулы күйге әкеледі, ал кепкен жапырақтардың сыңғыры көптеген қуанышты сезімдер сыйлауы мүмкін. Бұл жаттығуда жүргізуші стол үстіне шығып, жапырақтарды жоғарыдан себелейді. Әрбір қатысушы түсіп келе жатқан жапырақтарды қағып алуға тырысып, қағып алған жапырақтарды өзінің басына қарай лақтырады. Ол фейерберк сезімін тудырады. Сонымен қатар қолдағы жапырақтармен сурет салуға да болады. Қағаз бетіне клей жағып, қолдағы жапырақты ұсақтап қағазға себеді. Нәтижелі картина шыққанша қайталайды. Бұл сабақта алғашқы екі жаттығу қатысушыларды белсендіреді. Ал соңғы жаттығу тыныштандырады.

Тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тану тренингтері. Ұсынылып отырған жаттығуларда адамдардың эмоциялық дүниесінің ерекшелігі, сонымен қатар эмоциясы мен сезіміне әлеуметтік және психологиялық әсерлер қарастырылады. Тренингтің

көмегімен, басқалардың көзімен қарағанда мен қандаймын, қандай болғым келетінін анықтауға болады. Сонымен бірге өзімен және адамдармен өз қатынасын қалай құру керектігін, адам қоршаған әлеммен қалай өзара әрекет жасайтынын үйренеді және өзіне деген сенімділік, рефлексия дағдысы және тұлға аралық қатынас мәдениеті дамытылады. Жаттығулар барысында адам дәл сол мезетте не сезеді немесе не ойлайды соны айту керек. Адам өзін-өзі ашпаса, өзін-өзі терең танып білуі мүмкін емес. Жаттығулар адамның тұлға ретінде дамуына және өмірде өз әлеуетін барынша көп қолдануына бағытталған. Олардың тұлғалық өсуіне ықпал етеді. Әрбір адамның өзін-өзі тануына, ойдағыдай әлеуметтік бейімделулеріне көмектеседі және өзінің жеке ерекшеліктерін, қабілеттіліктерін танып білуге жағдай жасайды. Өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тануға байланысты жаттығулардың негізгі мақсаты: жаттығулардың көмегімен тұлғаның өзін-өзі түсінуі мен өзін зерттеуі және өзі туралы білімін кеңейту.

Жаттығу – 1. Тақырыбы: «Газару» (5 минут). Мақсаты: Өзін-өзі тану, өзін-өзі түсіну. Бұл күнделікті проблемамен жайсыздықтан құтылудың жақсы тәсілі. Жаттығуды сабақтың басында өткізген қолайлы. Топтың мүшелері жағымсыз жайларын айтып, уақытша оны ұмытады. Жұмысқа толығымен кірісулері үшін осы жаттығудан бастау маңызды.

Жаттығудың барысы:

1. Қатысушылар жұпқа бөлінеді. Әрбіреуі 2 минут ішінде әріптесіне өзінің проблемалары, жайсыз жайлары, сонымен бірге ойлары, сезімдері және қуаныштары жайлы әңгімелейді.

2. Біреуі сөйлеп жатқанда, екіншісі сөзді бөлмейді және айтылғандарға өз сезімін білдірмейді. Екі минуттан соң жұптар рольдерін ауыстырады.

Жүргізушіге нұсқау: Осы кезде қолыңызға себет ұстап жүрген сияқты кейпіңізбен бөлме ішінде жүресіз. Әр жұптың жанына барасыз және барлық жайсыз жайларын себетке «Салуын» сұрайсыз. Мұны әркім ишараның және ымның көмегімен жүктің ауырлығын көрсете отырып істейді. Басқалары оны көрулері және бағалаулары керек. Егер жағымсыз жайдың жүгі тым ауыр болса, онда оны себетке салмай, бірден айту керек. Барлық жағымсыз жайлар себетке «түскен» соң, сабақ соңында қатысушылардың тағы да оны қайталауларын ұсынып көріңіз. Әрине, олар оны орындағысы келсе қайталасын.

Талқылау: Жағымсыз жайларды айту оңай тиді ме? Қиындығы неде болды? Қандай әсер алдың? Қазір өзіңді қалай сезінудесің?

Жаттығу – 2. Тақырыбы: «Өзіне хат». Мақсаты: Өзін-өзі тану, өзін түсіну және тұлғалық даму тәсілдерін таба білу. Бұл жаттығу адамға өзі үшін ең маңызды нәрсені жасауға, өзін сүйуге, оған өзіне рұқсат беруге, өзінің махаббатын сезінуге көмектеседі.

Жаттығудың барысы: Қатысушылар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші бәрінен бір парақ пен қалам алуларын сұрайды.

Нұсқау: «Қазір сіздер өздеріңізге хат жазасыздар. Сіз бұл хатты алдыңыз. Бірақ хатты алған адамдар не істейді? Хатқа жауап береді. Сондықтан қазір өздеріңіздің хаттарыңызға жауап жазатын 10 минут уақыттарыңыз бар. Өздеріңіз алған хатқа нақты жауап жазыңыздар»

Талқылау: Хат жазу оңай тиді ме? Әлде жауап жазу оңай болды ма? Жазу кезінде не туралы ойладыңыз? Өзіңізді қалай сезінудесіз?

Эксперименталды зерттеу бөлімінің болжамын дәлелдеу мақсатында, жоғарыда көрсетілген арттерапия элементтері мен дамытушы-түзетуші тренингтер кешенін топта жүргізгеннен кейін, ҰЕҰБЭ сауалнамасы қайта жүргізілді. Студенттердің сауалнамаға берген жауаптарын өңдей отырып келесі нәтижеге қол жеткіздік.

Бұл жерде де жауап нәтижелерінің ортақ мәндерін таба отырып, диаграмма құрылды.

Арттерапия элементтерін оқу процесінде қолданғанға дейінгі және арттерапия элементтері мен дамытушы-түзетуші жаттығуларды оқу процесінде қолданғаннан кейінгі

топтағы өзгерістер өңделіп, алғашқы және кейінгі нәтижелер салыстырылды. Нәтижелерді өңдеп, салыстыру барысында мынадай өзгерістер байқалды.


3-кесте – Тұлғалық ҰЕҰБЭ (ОТКЛЭ) сауалнамасы жауап бланкісі

		Ұйымдас- тыру шылық	Еңбек сүйгіштік	Ұжым- шылдық	Білуге құштарлық	Эстетикалық талғам
1	Азамат А.	19	16	15	15	16
2	Айгерім И..	18	17	17	18	21
3	Айдын П.	18	18	19	22	22
4	Алия Қ.	16	16	17	14	17
5	Ақмарал А.	16	18	16	18	17
6	Ақмарал М.	18	22	17	20	18
7	Ахметжан Ә.	17	19	17	18	17
8	Бақытгүл Қ.	16	18	18	15	19
9	Гүлбану А.	15	19	15	17	19
10	Гүлдана А.	15	17	15	22	20
11	Гүлжамал У.	18	18	17	20	18
12	Ғабит Е.	18	20	18	21	20
13	Ділбар А.	16	17	15	16	18
14	Еркебұлан Б.	16	20	16	17	15
15	Жадыра Ж..	18	18	16	19	18
16	Жанар А.	14	15	14	13	17
17	Мақпал У.	17	17	18	17	19
18	Мөлдір А.	18	20	18	21	20
19	Нұрсұлу А.	16	16	17	18	17
20	Назипа Е.	16	16	17	19	20
21	Перизат А.	20	19	20	21	20
	Орта мәні	17	20	16	21	18

Өздеріңіз 4-ші кестеде көріп отырғандай зерттеу жұмысымыздың барысында оқу процесіне арттерапия элементтерін ендіргеннен кейін, топ мүшелерінің еңбексүйгіштігі, эстетикалық талғамы, білімге құштарлығы, ұжымшылдық пен ұйымдастырушылық қабілеттері өскен. Біз бұл салыстырмалы ерекшеліктерін диаграмма ретінде көрсетуді жөн деп санадық.


4-кесте – ҰЕҰБЭ тұлғалық сауалнамасының нәтижелерін бағалау

№	Шкалалар атаулары	Эксперимент нәтижелерін бағалау			
		Арттерапия элементтерін оқыту процесіне ендіргенге дейін	Бағалау	Арттерапия элементтерін оқыту процесіне ендіргеннен кейін	Бағалау
1	Ұйымдастырушылық	12	Орта	17	жоғары
2	Еңбексүйгіштік	15	Орта	20	жоғары
3	Ұжымшылдық	13	Орта	16	жоғары
4	Білуге құштарлық	14	Орта	21	жоғары
5	Эстетикалық талғам	13	Орта	18	жоғары



2-Диаграмма – Жауап нәтижелері

Қорытынды. Арттерапия - ішкі кернеулер мен қатты эмоциялардан босатады. Арттерапия элементтерінің көмегімен топтың қалыптылығын сақтап, өзара қарым-қатынасты жағымды әрі тиімді ұйымдастыруға болады. Шығармашылықтың көмегімен адам өз сезімдерін терең түсініп, жүгендей білуге үйренеді. Бұл оның әлеуметтік ортаға тез бейімделіп, еніп кетуіне бағыт-бағдар беріп отырады[12,13].



3-Диаграмма – Анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент көрсеткіштері

Арттерапия элементтері пайдалы, әрі оқытудың жаңа инновациялық әдіс-тәсілі ретінде оқу-тәрбие процесінде қолданудың маңыздылығы жоғары екендігі байқалады. Яғни, оқыту процесінде сауатты ұйымдастырылған арттерапия элементтері жеке тұлғаның өзін-өзі тани отырып, үйлесімді дамуына жол ашады. Өзіндік бағалауы жоғарылайды. Қоршаған ортамен қарым-қатынасы оңтайланады [14,15].

Әдебиеттер:

- [1] **Бұзаубақова, К.** “Жаңа ПЕД-технологияны меңгеру - міндет”// Қазақстан мектебі. – 2005. – № 9-10. – 25-26 б.
- [2] **Крепелин, Э.** Проблемы нозологии и психиатрии // [Журнал невропатологии и психиатрии имени С. С. Корсакова](#), 1956.
- [3] **Блейлер, Э.** Естественная история души и её самосознание. Элементарная психология. Берлин, 1921.
- [4] **Кречмер, Э.** Строение тела и характер: Исследования в области проблемы конституции и учения о темпераментах / Пер. с 3-го нем. изд. В. М. Слонимской. – Киев: Гос. изд-во Украины, 1924.
- [5] **Карпов, А.В.** Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері, 4-е изд., перераб. и доп. (Серия «Учебники, учебные пособия».) – Ростов н/Д: Феникс, 2001.
- [6] **Кратохвил, А.** Художественное творчество глазами врача. СПб.: Наука, 1992
- [7] **Ялом, И.** Групповая психотерапия. – СПб.: Питер, 2000
- [8] **Байғазиева, Г.** «Жаңа Педтехнология». // Қазақстан мектебі. – 2005. – № 8. – 53-54 б.
- [9] **Столяренко, Л.Д.** Основы общей психологии. 4-е изд., перераб. и доп. (Серия «Учебники, учебные пособия».) – Ростов н/Д: Феникс, 2001. – 672с.
- [10] Практикум по психодиагностике/ Сост. Э.В. Маруга – Балашов, 1997
- [11] Практикум по арт-терапии/ Под ред. А.И.Копытина. – СПб: Питер, 2000. – 448 с.
- [12] Психотерапевтическая энциклопедия/Под ред. Б.Д. Карвасарского. – СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 1024с.
- [13] **Смирнов, А.Г.** Практикум по общей психологии: Учебное пособие. – М.: Изд-во института Психотерапии, 2001. – 224с.
- [14] **Джакупов, М.С.** Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы, 2002
- [15] Детский психолог – Мероприятия. Семинар. Арттерапия: основы теории и практик метода. URL: www.childpsg.ru.

References:

- [1] **Buzaubaqova, K.** «Zhana PED-tehnologijany mengeru – mindet»// Qazaqstan mektebi. – 2005. – № 9-10. – 25–26 b. [in Kazakh]
- [2] **Krepelin, Je.** Problemy nozologii i psixiatrii // Zhurnal nevropatologii i psixiatrii imeni S. S. Korsakova. – 1956. [in Russian]
- [3] **Blejler, Je.** Estestvennaja istorija dushi i ejo samosoznanie. Jelementarnaja psihologija. Berlin, 1921. [in Russian]
- [4] **Krechmer, Je.** Stroenie tela i harakter: Issledovanija v oblasti problemy konstitucii i uchenija o temperamentah / Per. s 3-go nem. izd. V. M. Slonimskoj. – Kiev: Gos. izd-vo Ukrainy, 1924. [in Russian]
- [5] **Karpov, A.V.** Zhan auruyna ushyragandardyn shygarmashylyqtary zhane onyn gylym men tehnika damuyna tigizer aseri, 4-e izd., pererab. i dop. (Serija «Uchebniki, uchebnye posobija».) – Rostov n/D: Feniks, 2001. [in Kazakh]
- [6] **Kratohvil, A.** Hudozhestvennoe tvorchestvo glazami vracha. SPb.: Nauka, 1992. [in Russian]
- [7] **Jalom, I.** Gruppovaja psixoterapija. – SPb.: Piter, 2000. [in Russian]
- [8] **Vajgazieva, G.** «Zhana Pedtehnologija» //Qazaqstan mektebi. – 2005. – № 8. – 53-54 b. [in Kazakh]

- [9] Stoljarenko, L.D. Osnovy obshhej psihologii. 4-e izd., pererab. i dop. (Serija «Uchebniki, uchebnye posobija».) – Rostov n/D: Feniks, 2001. – 672 s. [in Kazakh]
- [10] Praktikum po psihodiagnostike/ Sost. Je.V. Maruga – Balashov, 1997. [in Russian]
- [11] Praktikum po art-terapii/ Pod red. A.I.Kopytina. – SPb: Piter, 2000. – 448 s. [in Russian]
- [12] Psihoterapevticheskaja jenciklopedija/Pod red. B.D. Karvasarskogo. – SPb.: Izdatel'stvo «Piter», 2000. – 1024 s. [in Russian]
- [13] Smirnov, A.G. Praktikum po obshhej psihologii: Uchebnoe posobie. – M.: Izd-vo instituta Psihoterapii, 2001. – 224s. [in Russian]
- [14] Dzhakupov, M.S. Upravlenie poznavatel'noj dejatel'nost'ju studentov v processe obuchenija. – Almaty, 2002. [in Russian]
- [15] Detskij psiholog – Meroprijatija. Seminar. Artterapija: osnovy teorii i praktik metoda. www.childpsg.ru. [in Russian]

ПУТИ САМОРЕГУЛЯЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ ЭЛЕМЕНТЫ АРТТЕРАПИИ

Ерментаева А.Р., доктор психологических наук, профессор
erasem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6860-384X>

Ахметова А.А., магистрант
amina.ahmetova.80@mail.ru

Университет «Туран», г.Алматы, Казахстан

Аннотация. В настоящее время в суверенной стране разработана новая система образования, направленная на проникновение в мировое образовательное пространство. Это связано со значительными изменениями в учебно-воспитательном процессе. Это связано с тем, что изменилась парадигма образования, обновляется содержание образования, появляется новый подход, новые отношения.

В данной статье рассматривается проблема формирования творческой, т. е. креативной личности у современных будущих педагогов. В современных условиях роль образования настолько возросла, что становится главным конструктивным фактором, влияющим на развитие общества. Это, несомненно, служит сильным стимулом для разработки, совершенствования эффективных технологий обучения.

Предпосылкой внедрения новых педагогических технологий в учебно-воспитательный процесс является: формирование инновационной деятельности преподавателей. Каждый преподаватель, владеющий новыми педагогическими технологиями, сможет увидеть свой урок в плане продуктивного развития. Цель арттерапии не в том, чтобы превратить всех людей в художников или скульпторов, а в том, чтобы активизировать их активность, чтобы раскрыть свои внутренние настроения, используя творческие возможности человека. Настойчивость в терапии помогает повысить личную творческую активность клиента в соответствии с его способностями, дает направление к созданию собственного произведения. Как показывает практика, использование элементов арттерапии в интерактивном режиме обучения становится предпосылкой для разработки эффективных путей и мер развития креативной личности. Кроме того, обучение играет ключевую роль в развитии творческого мышления обучающихся.

Ключевые слова: саморегуляция, арт-терапия, будущий педагог, общение

WAYS OF SELF-REGULATION OF FUTURE TEACHERS THROUGH ELEMENTS OF ART THERAPY

Ermentaeva A.R., Doctor of Psychological Sciences, Professor
erasem@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6860-384X>

Akhmatova A.A., Master's student
amina.ahmetova.80@mail.ru

Turan University, Almaty city, Kazakhstan

Annotation. Currently, a new education system has been developed in a sovereign country aimed at penetrating the world educational space. This is due to significant changes in the educational process. This is due to the fact that the paradigm of education has changed, the content of education is being updated, a new approach and new relationships are emerging.

This article deals with the problem of the formation of a creative, i.e. creative personality among modern future teachers. In modern conditions, the role of education has increased so much that it becomes the main constructive factor influencing the development of society. This undoubtedly serves as a strong incentive for the development and improvement of effective learning technologies.

The prerequisite for the introduction of new pedagogical technologies in the educational process is: the formation of innovative activity of teachers. Every teacher who owns new pedagogical technologies will be able to see his lesson in terms of productive development. The purpose of art therapy is not to turn all people into artists or sculptors, but to activate their activity in order to reveal their inner moods, using the creative capabilities of a person. Perseverance in therapy helps to increase the personal creative activity of the client in accordance with his abilities, gives direction to the creation of his own work. As practice shows, the use of elements of art therapy in an interactive learning mode becomes a prerequisite for the development of effective ways and measures for the development of a creative personality. In addition, learning plays a key role in the development of students' creative thinking.

Keywords: self-regulation, art therapy, future teacher, communication.

МҰҒАЛІМНІҢ КӨЗҚАРАСЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Сыздыкова М.Б.¹, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
Syzdykova.makhpal@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>

Бимаханова Ж.Д., мұғалім
Syzdykova.makhpal@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0000-4823-4971>

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
²Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, Қызылорда қ., Қазақстан

Андатпа. Мақала бастауыш мектепте оқыту әдістерін мұғалімнің көзқарасы бойынша зерттеу жобасына негізделген. Оқыту – екі жақты үдеріс болғандықтан, мұғалім өзінің ғана іс - әрекетін ұйымдастырып, тек оның орындалуымен қанағаттанбай, оқушылардың да танымдық әрекеті мен белсенділігін дамытуға ерекше көңіл аударуға тиіс. Мұның өзі оқыту мен бала дамуының заңдылықтары туралы өте күрделі психологиялық педагогикалық мәселе. Қазіргі оқу үрдісінде баланы жан-жақты дамытып, белсенділігін арттыруда интерактивті оқытудың маңызы зор. Елімізде оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» деп аталатын білім жобасы енгізілуде. Бұл жоба халықаралық мектептерде қолданылып, табысты нәтижелер берген. Жобаны енгізуде Қазақстан оқу ассоциациясы елімізде толық құқылы және жалғыз өкілі болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты сандық сауалнама нәтижелері негізінде ағымдағы жағдайды талдау және сипаттау болып табылады. Осы мақалада келтірілген негізгі нәтиже қазіргі жағдайды мұғалімнің көзқарасы бойынша сипаттау және білім беру практикасындағы әртүрлі оқыту әдістерінің күшті және әлсіз жақтарын талдау. Зерттеудің негізгі әдісі қатысушыларды бақылау болды. Мақала білім беру процесінің барлық қатысушыларына (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) бағытталған зерттеу нәтижесі болып табылады.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, оқыту әдістері, дәстүрлі оқыту, конструктивті білім беру.

Кіріспе. Қазіргі қоғамда адам оқу, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау, бастамашыл, мобильді, креативті болу сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Аталған қасиеттердің қалыптасуы білім берудің бастапқы деңгейінен басталады.

Бастауыш мектеп – білім берудің бастапқы кезеңі. Дәл осы жерде құзыретті тұлғаның іргетасы қалыптасады. Барлық құзыреттер оқытудың бастапқы кезеңінде белгіленеді. Бастауыш мектеп жалпы оқу дағдылары мен оқу іс-әрекетінің негізін қалайтындықтан, жеке тұлғаның орта мектепте білім алуын жалғастыру үшін іргетас құруға, содан кейін әрі қарай, дәл осы бастапқы кезеңде өмір бойы білім берудің негізін құрайтын негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру маңызды[1,2].

Құзыреттілік білім беруді тек оқытумен ғана шектемейді. Ол сабақ пен өмірді байланыстырады, тәрбиемен және сабақтан тыс жұмыстармен байланысты.

Бастапқы кезеңдегі білім беру процесінің мақсаты-оқушының жеке қасиеттерін дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін ашу, білім алуға деген ұмтылысты қалыптастыру және т.б. бастауыш сыныптарда баланың болашақта көбейтетін және дамытатын білім мен дағдылардың негізін қалау өте маңызды. Оқушының кейінгі жетістіктері/сәтсіздіктері бастауыш мектепте оқудың қаншалықты сәтті өтетініне байланысты.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне ең қиын міндет жүктеледі – балаға білім әлеміне өзіндік "жолсерік" болып қана қоймай, оған бұл әлемнің қаншалықты қызықты және таңқаларлық екенін көрсету, сонымен қатар оған осы жолмен батыл және сенімді қозғалуға, өзіне сенуге, мүмкін қиындықтарды сәтті жеңуге көмектесу.

Бұл жұмыстың маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне бейімделген бастауыш оқыту әдістері мен әдістерін таңдау болып табылады. Қазіргі педагогика ғылымы кеңестік оқытудың шығармашылық жұмысының үлкен оң тәжірибесін және заманауи эксперименттік зерттеулердің деректерін ұсынады. Қазіргі уақытта бастауыш білім берудің кейбір заманауи әдістемелеріне негізделген революцияға дейінгі өткеннің әдістемелік мұрасына жүгінудің мысалдары бар.

Әдебиетке шолу. Білім берудің жалпы тұжырымдамасы туралы көзқарастардағы өзгерістер жалпы оқыту барысында, оқыту процесінде көрінеді. Елімізде соңғы онжылдықтарда дайын ақпаратты берумен сипатталатын дәстүрлі тәсілден [2] бұрынғы алған білімін қазіргі сындарлы ойлаумен ұштастыру (конструктивистік) әдістеріне көшу байқалады. Тұжырымдамаға сәйкес дәстүрлі оқыту әдістері - бұл оқушыларды белгілі бір нұсқауларды орындайтын, модельге сәйкес жұмыс істейтін әдістер. Ғылым мен ақпараттық коммуникативтік технологияның дамуына байланысты жиырмасыншы ғасырдың аяғынан бастап оқытудың тікелей әдістері білім құру принципімен қарқынды алмастырылды. Білім берудің мақсаты жай ғана шындықты жеткізу емес, оның негізгі әдістерінің бірі есте сақтау, оқушының санасына "мәліметтерді" – жеткізу болып табылады. Білім берудің маңызды міндеті - оқушыларды білімнің үлкен теңізіне шығару және оларды дұрыс пайдалануды үйрену қабілетімен қаруландыру екені сөзсіз.

Конструктивистік педагогика білім мен түсініктің қалай пайда болатынына, екіұшты шындықты қалай қолданатынымызға, аспаптық шындықты қалай құратынымызға - пайдалы шешімдерді қалай табуға болатынына бағытталған. Кез-келген уақытта адам әлемнің толық формасын өзінің санасымен тани алады, яғни толық құрылымға ие. Жаңа фактілер бұл құрылымға сәйкес келуі немесе осы құрылымға қайшы келуіде, өзгеруіде мүмкін. Мұғалімнің мақсаты – оқушыға осы бейнелерді қабылдауға, үйренуге мүмкіндік беру, жаңа ақпаратты бар психикалық құрылымдарға біріктіруді жеңілдету және жаңа білімді ғана емес, олардың қалай алынғанын және олардың әлем бейнесіне қалай қатысқанын түсінуге көмектесу [3,4].

Бастауыш сынып оқушыларының ақыл – ой белсенділігін дамыту үшін өтілетін материалдар оқушылардың жас ерекшелігіне сай болып, олардың қызығуына, интеллектілік сезіміне әсер ететіндей етіп құрылуы жөн. Өйткені оқыту үрдісінің мазмұны мен әдіс – тәсілдері оқушылардың жас және даму ерекшеліктеріне сай болған жағдайда ғана тиімді нәтижелер береді.

Оқу–тәрбие үрдісінде оқушылардың терең білім алуы, іскерлігінің артуы, дағдысының шыныға түсуі – олардың оқу материалын түсіну арқылы ой ұшқырлығын шындай түседі, алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарын орындауға өз бетінше әрекет жасайды. Сонымен бірге оқушыларда оқу материалының мазмұнына байланысты жаңа қызығу, қиыншылықты жеңуге бағытталған талпыну әрекеттері; түсініксіз нәрселерді табу үшін жаңадан іздену сияқты психологиялық қасиеттер пайда болады. Мұндай әрекеттер оқушылардың ақыл–ой әрекетіндегі белсенділігін арттыра түседі [5,6].

Сондай-ақ, оқушылардың ақыл–ой әрекетіндегі белсенділігін арттыру әрбір мұғалімнің терең теориялық біліміне, шығармашылық еңбегіне, әдіс–тәсілдерді қолданудағы шеберлігіне, оқу–тәрбие үрдісіндегі шындалған тәрбиесіне байланысты.

Қазіргі оқу үдерісінде баланы жан–жақты дамытып, белсенділігін арттыруда интерактивті оқытудың маңызы зор. Елімізде оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» деп аталатын білім жобасы енгізілуде. Бұл жоба халықаралық мектептерде қолданылып, табысты нәтижелер берген. Жобаны енгізуде Қазақстан оқу ассоциациясы елімізде толық құқылы және жалғыз өкілі болып табылады.

Сыни ойлау тұрғысынан (конструктивистік) білім беру реформасының тағы бір ерекшелігі - мұғалімнің мәртебесін өзгерту, яғни мұғалім тек үйретіп қоймайды, ол өз кезегінде оқушыдан да үйренетін тұстары кездесіп жатады. Мұғалім оқу процесі барысында пәнаралық байланыстарға және топтық жұмысқа дайындыққа көп көңіл

бөледі. Көріп отырғаныңыздай, бұл талаптар сөзсіз ақпараттық қоғамды анықтайтын әлеуметтанушылардың қажеттіліктерімен, сондай-ақ көптеген пәндердің нәтижелерімен дәл сәйкес келеді. Жан-жақты (конструктивист) мұғалім түрлі әдістің кепілі, көмекші, оқу құралы ретінде қарастырылады және әр оқушының дамудың ең жоғары деңгейіне жетуіне кепілдік береді. Оқушы мектепке белгілі бір біліммен келеді, сондықтан ол не білетіні туралы ойланып, білімін одан әрі дамыта алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазіргі педагогика оқытудың өте кең әдістерін ұсына отырып, әр түрлі және икемді оқыту әдістемелерін ұсынып, қолдайды. Қазіргі педагогикада қолданылатын оқыту әдістерінің көптігі мен алуан түрлілігі мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін байытуға және дамытуға мүмкіндік береді. Оқыту әдісі бұл оқыту процесін ұйымдастырудың және басқарудың тиімді әдісі, оқытушы мен оқушылардың күш-жігерін біріктіретін жалпы қабылданған әдіс. Мұғалімнің шығармашылығы мен жеке даму деңгейі осы оқыту әдістерінің қалай қолданылатынын және біріктірілетінін анықтайды [7,8].

Оқушының қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының қалыптасуы мен дамуы процесі (когнитивті) жайлы теориялар қабылданған ақпараттың қалыптасуы нәтижесінде пайда болады деп болжайды. Осыған сәйкес, оқыту оқушының өзінің танымдық процесі арқылы қабылданған ақпаратты өңдеуіне негізделген және бұл процесс жаңа оқытуды қалыптастырады. Бұл бағыттағы жетістіктер олардың қаншалықты үйренетініне емес, не үйренетініне және қалай үйренетініне байланысты [9,10].

«Оқыту және оқу» әдісі [11] сыныпта барлық елдердегі мұғалімдер оқушыларға бағытталған іс-шараларға қарағанда оқудың жақсы құрылымдалуын қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөледі, бұл оларға көбірек автономия береді. Оқытудың осы екі әдісі де жобалық жұмыс сияқты кеңейтілген оқу әрекеттерімен толықтырылған. Бұл үлгі көптеген Еуропа елдеріне тән.

Соңғы жылдары елімізде әдістемелік әдебиеттерде оқыту әдістері мен тәжірибелеріне ерекше назар аударылып келеді. Оқыту әдістерінің түрлері өте көптеп кездеседі, бірақ оларды түсінуге, анықтауға және атауға келгенде толық келісімге әлі қол жеткізілген жоқ. Біріншіден, әдебиетте қарым-қатынасты қиындататын әртүрлі терминдер бар, сондықтан оқыту әдістерінің бөлігі ретінде авторлар сыныптағы әдістер, оқыту және зерттеу әдістері, оқыту және оқу процестерінің ұйымдастырушылық түрлері сияқты терминдерді де жиі талқылайды [12].

М. Йозеф мен В. Швецтің айтуы бойынша [13], оқыту әдісі оқытудағы динамикалық элемент болып табылады, ол мазмұны мен ұйымдастырушылық формаларына қарағанда тез өзгеріп, жаңа жағдайлар мен мақсаттарға бейімделгіш келеді. Алайда оқыту әдістері оқытуды анықтайтын шешуші фактор емес, білім беру жүйесінің элементтерінің бірі ғана, сондықтан жетіспейтін мазмұнды алмастыра алмайды. Керісінше, олар оқытудың жалпы тұжырымдамасына байланысты және тек оның шеңберінде олар толығымен функционалды және тиімді болып келеді. Оқушыларды оқыту әдістемелерін жасаушы ғалымдарымыз біршама. К.Д.Ушинский [14], Я.А.Коменский [15], т.б. балалар мектепке дейін қоршаған ортаны танып, мектепке дайындық процесінен өтуге назар аударса, И.Я.Лернер [16], М.Н.Скоткин [17] сынды ғалымдарымыз оқыту әдістерінің бірнеше түрлерін ұсынды. Отандық ғалымдар С.Б.Бабаев [18], Ш.Таубаевалар [19] оқыту мен тәрбие беру әдістеріне өз еңбектерінде кеңінен тоқталған.

Сондай-ақ, көптеген ғалымдар оқыту әдістерін жан-жақты зерттеп, айтып келеді. Оқыту әдісі – бұл оқушының білім беру профилін дамытатын, сонымен бірге білім беру және оның мақсаттары тұрғысынан әрекет ететін оқу пәні мен объектісінің дидактикалық қызметі мен принциптері. Ол субъект пен объектінің қызметін басқаратын мазмұнды өзгертуден, білім мен дағдыларды, танымдық көзқарастарды, қызығушылықтар мен процестерді бекітуді немесе бақылауды қамтамасыз ететін білім көздерін, техникалар мен процедураларды ұйымдастырудан тұрады.

Керісінше, олар оқытудың жалпы тұжырымдамасына байланысты оқыту әдістері толығымен функционалды және тиімді. Көптеген авторлар, мысалы Корнев А.Н. [6], оқыту әдістері туралы былай дейді: «Оқыту әдісі – оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен принциптеріне сәйкес білім және тәрбие беру кезінде, оқушының қабілетін дамытатын пән мен оқу объектісінің ерекше дидактикалық іс-әрекеті. Ол субъект пен объектінің қызметін басқаратын мазмұнды өзгертуден, білім мен дағдыларды, танымдық көзқарастарды, қызығушылықтар мен процестерді бекітуді немесе бақылауды қамтамасыз ететін білім көздерін, техникалар мен процедураларды ұйымдастырудан тұрады».

Оқыту әдістері негізгі білім беру категорияларының қатарына жатады. Оларды білім беру мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалімнің педагогикалық қызметі мен оқушының оқу іс-әрекетінің құрылымдық жүйесі ретінде анықтауға болады. «Оқыту әдісі» термині сыныпта оқыту үшін қолданылатын жалпы принциптерді, педагогиканы және басқару стратегияларын білдіреді. Сіздің оқу әдісін таңдауыңыз сізге сәйкес келетін нәрсеге байланысты – Сіздің білім беру философияңыз, сыныптағы демографиялық жағдай, пәндік сала (пәндік салалар) және мектептің миссиясы [18, 19].

Ғалымдардың пікірінше [18] оқыту әдісін мұғалімдер оқушылардың қалаған оқу деңгейіне жету үшін жүзеге асыруы керек принциптер, процедуралар немесе стратегиялар жиынтығы ретінде сипатталады.

Зерттеу жұмысын талдау және нәтиже шығару. Бұл мақалада біз кеңірек зерттеу сауалнамасының таңдалған нәтижелерін ұсынамыз. Біздің мақсатымыз, ең болмағанда, мұғалімдердің оқыту әдістерімен қалай жұмыс істейтінін және олардың білім беру процесінде қолданылуын дидактика тұрғысынан қалай қабылдайтынын көрсету.

1-кесте – Білім берудегі оқыту әдістерінің пайда болуы

	жиілігі %
Баяндау	11%
Түсіндіру	12%
Мәтінмен жұмыс	21%
Сұхбат	11%
Көрнекі түрде көрсету	4%
Дағды-практикалық	5%
Белсендіру	16%
Жан-жақты	19%
басқа	1%

Нәтижелер ең көп таралған әдістерге мәтінмен жұмыс пен түсіндіру кіретінін көрсетеді. Одан кейін баяндау мен сұхбат әдістері жиі қолданылатыны анықталды. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл нәтижелерді оң деп санауға болады.

Мұғалімдер оқушыларға мүмкіндігінше көп ақпарат беруге тырысады және сонымен бірге оны түсіну үшін талқылайды. Бұл конструктивистік ойлау идеясына сәйкес келеді, оның мақсаты оқушыларға ақпаратты жеткізу, сонымен қатар олардың оны түсінетініне және күнделікті өмірде қалай қолдану керектігін білетініне көз жеткізу. Айқындық принципі дағдыларға негізделген практикалық әдістер түрінде де қолданылады. Сауаттылықты қолдауға және оқушылардың ақпараттық қоғамға интеграциялануына қатысты [17] біз мәтінмен жұмыс жасаудың жоғары деңгейін маңызды деп санаймыз, өйткені ол бастауыш сынып оқушыларының өмірінің екі маңызды аспектісін де дамыта алады.

Байқалған құбылыстарға байланысты мұғалімдермен жүргізілген сұхбатта біз олардың қандай оқыту әдістерін ұнататынын білдік. Бір қызығы, ең танымал әдістер-оқушылардың белсенділігін арттыруға өте қажет, бірақ мұғалімдер өздеріне таныс, үйреншікті әдістерін ғана қолданатыны анықталды, яғни графикалық визуалды әдістер,

оқушылардың топтық жұмысына қатысты әдістер, баяндау, мәтінмен жұмыс сияқты әдістер жиі қолданылады. Біріншіден, әрине, бұл әдістер қазіргі таңда мұғалімдер арасында жиі кездесетін конструктивистік ойлауына толығымен сәйкес келетін әдістер. Екінші жағынан, мұғалімдер әлемдік деңгейдегі әдістерді күнделікті тәжірибеде неге көп қолданбайды деген сұрақ туындайды.

2-кесте – Мұғалімдер тұрғысынан таңдаулы оқыту әдістері

	жиілігі %
Баяндау	10.7%
Түсіндіру	7.1%
Мәтінмен жұмыс	7.1%
Көрнекі түрде көрсету	17.9%
Дағды-практикалық	10.7%
Белсендіру	7.1%
Жан-жақты	10.7%
Дидактикалық ойын	3.6%
Жеке сабақтар	3.6%
Топтық сабақтар	17.9%
Ұжымдық сабақтар	3.6%

Нәтижелер қазіргі білім беру парадигмасын ескере отырып, мұғалімдердің ойлауы дұрыс реттелгенін көрсетеді. Бұл сондай-ақ көрсетілген тәртіпте басқа артықшылықты әдістермен, яғни дағдыларға негізделген практикалық және кешенді әдістермен расталады.

3-кесте – Мұғалімдердің көзқарасы бойынша тиісті әдістермен жасалған білім беру мақсаттары

	жиілігі %
Оқушыны іздеу	7.1
Оқушы біледі	25.0
Оқушылардың есімдері	10.8
Білімді тереңдету	7.1
Тәуелсіздікті дамыту	7.1
Әлеуметтік өзара әрекеттесу	17.9
Қайталау	25.0

Жалпы дидактикалық тұрғыдан алғанда, біз қолданылатын әдістер оқушыларда дамытқысы келетін когнитивті дағдылардың элементтеріне сәйкес келе ме деп ойладық. Бұл жағдайда бұрынғы конструктивистік тәсілдер ақпаратты қалай табуға, қабілетті дамытуға және білімді тереңдетуге көбірек көңіл бөледі деп болжадық.

Алайда, оқытуға қойылған мақсаттар дәстүрлі болып көрінеді, яғни мұғалімдер оқушының оқу бағдарламасын білуіне мүдделі (мән берсеңіз, бұл оны түсінуді білдірмейді), оқу бағдарламасын атайды және қайталайды. Мұнда біз айтарлықтай диспропорцияны, сондай-ақ одан әрі зерттеу мәселесінің бар екенін көреміз.

Біздің сауалнама нәтижелері мұғалімдердің білім беру барысында трансмиссивті және конструктивистік тәсілдері арасындағы оқыту әдістерін қолданатынын байқадық. Ең жиі қолданылатын әдістерге трансферттік тәсілдің типтік өкілі болып табылатын интерпретация жатады. Мұның себебі әдетте оқушылардың біліміне бағытталған компоненттік тестілеу жүйесі ретінде құрылған білім беру жүйесінің қысымы деп

санаймыз. Табысқа жетуді талап ететін қоғамның қысымы соншалық, мұғалімдер өз жұмысында білімнің бұл тәсілдерін қолданбаса нәтижеге қол жеткізе алмайды.

Бұл тезисте мұғалімдердің өздері оқушылардың белсенділігіне негізделген осы әдістерді қалайды, сондықтан олар конструктивистік көзқарастың шеңберіне көбірек сәйкес келеді деген тұжырыммен расталады. Бұл оқушылардың болашақ өмірі үшін білімге, сондай-ақ сыни тұрғыдан ойлау қабілетіне және өзіндік, сындарлы жұмысқа ие болу маңызды деп санайтын мұғалімдердің дүниетанымындағы өзгерісті көрсетеді.

Алайда, керісінше, мұғалімдердің ниеті мен нақты оқытушылық қызмет арасындағы сәйкессіздікті көрсететін нәтижелер бар. Егер мұғалімдердің өздері білім беру мақсаттарына қатысты конструктивистік көзқарасты қаласа, онда мақсаттар білім мен қайталау маңыздылығы бойынша бірінші орында болатындай етіп қойылады. Бұл бақылау нәтижелеріне сәйкес келеді (кестені қараңыз.1).

Біздің көзқарасымыз бойынша бірқатар тұжырымдар жасауға болады:

- Мұғалімдер бастауыш мектепте конструктивистік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен қажеттілігіне іштей сенімді, бірақ оқушылардың қабылдау деңгейлері бұл тәсілдерді жиі қолдануға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Бұл олардың оқу әдістеріне деген ішкі қалауынан көрінеді.

- Жүйенің, демек, білім беру мекемелері мен ата-аналардың қысымы соншалық, оқушылардың алған білімдерін практикалық қолдануда қиындықтар кездеседі. Сондықтан мұғалімдер есте сақтауды жеңілдететін әдістерді таңдайды.

- Дидактика тұрғысынан белсенді оқуға зиян келтіріп, есте сақтауды қолдайтын көбірек білім беру мақсаттары таңдалады. Бұл білім беру саясатының декларацияларына сәйкес келмейді [2], бірақ білім берудің нақты жағдайын көрсетеді.

Ұсынылған тұжырымдар қосымша зерттеудің нәтижесі болып табылады, бұл талқыланатын жағдайды түпкілікті бағалау емес. Олар пысықталады, талданады, талқыланады және ұсынылады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің алдындағы міндеті күрделі. Маңызды фактордың бірі – бастауыш сынып оқушыларының бақылау-бағалау қызметі. Ең дұрысы, ол бастауыш мектеп бағдарламасын игерудің сәттілігіне байланысты студенттердің танымдық қызығушылығы мен оң мотивациясына бағытталуы керек.

Өкінішке орай, оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың заманауи жүйесінің бірқатар кемшіліктері бар: әр оқушының жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктері ескерілмейді, бағалау кезінде жоғары субъективтілік бар, бағалау тәсілдері көбінесе формальды және стандартты және т. б. бағалау жүйесіндегі күшті теріс фактор-бұл бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ыңғайсыздығы бақылау сынақтары кезінде [3].

Бастауыш мектепте тәжірибелі мұғалім үшін білім алушыға қатысты сезімталдық пен этика маңызды: баланы қиын жағдайда қолдау, дұрыс шешім табуға көмектесу және т. б., бұл одан әрі оң ынтымақтастыққа елеулі ынталандыру жасайды

Бұған мектеп оқушыларымен сабақтан тыс жұмыстар да ықпал етеді. Бастауыш сынып мұғалімі сыныпта ұжым құруға назар аударуы керек. Тақырыптық сынып сағаттары, экскурсиялар, мерекелер, конкурстар және т.б. балаларға өз әлеуетін ашуға, бір-бірімен жақынырақ танысуға және достасуға көмектеседі. Сыныпта қолайлы психологиялық климат құру, сайып келгенде, жалпы жұмыс процесіне оң әсер етеді, мектеп оқушылары өздерін тыныш, сенімді сезінеді және материалды игерудің жоғары нәтижелерін көрсетеді.

Осылайша, бастауыш сынып мұғалімі өз жұмысында бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыратын әртүрлі әдістер мен әдістерді қолданады. Таңдау кезінде басымдық: баланың даралығын сақтау, оны мектепке бейімдеу үшін қолайлы жағдайлар жасау, денсаулық сақтау технологиялары және т.б. болып қалуы

керек, бұл тағы бір мәселені шешуге мүмкіндік береді – мектептегі балалардың шамадан тыс жүктемесін алып тастау және оларда әлемді білуге деген ұмтылысты ояту.

Әдебиеттер:

[1] **Трифонов, А.В.** Ресурсный подход к проблеме интеллектуальных способностей // Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал), Modern Research of Social Problems, №4(48), 2015. DOI: 10.12731/2218-7405-2015-4-12

[2] **Низамова, О.Н.** Развитие интеллектуальных способностей младших школьников / О.Н. Низамова. — Текст: непосредственный // Образование и воспитание, – 2020. – № 3 (29). – С. 36-38. – URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/168/5311>

[3] **Заховаева, А.Г.** Факторы, влияющие на интеллектуальные способности личности // Международный журнал экспериментального образования, – 2015. – № 5-1. – С. 52-53; URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=7477>

[4] Особенности обучения и психического развития школьников 13–17 лет. /Под ред. И.В. Дубровиной, Б.С. Круглова. М., 1988.

[5] **Басова, Л.Н.** Психологические особенности умственного развития учащихся 9-х классов, обучающихся в разных образовательных средах: Автореф. дис. ...кандидат психологических наук. М., 2004.

[6] **Корнев, А.Н.** Нарушения чтения и письма у детей: Учебно-методическое пособие. СПб., 1997.

[7] **Соколова, Л.В.** Системная организация интегративной деятельности мозга учащихся в процессе формирования навыка чтения: Автореф. дис. ...канд. биол. наук. М., 1991.

[8] **Гладыш, А.В.,** Горев А.С., Фарбер Д.А. Отражение индивидуальных особенностей переработки информации в ЭЭГ параметрах детей школьного возраста//Физиология человека, 1995. Т. 21. № 1.

[9] **Чуприкова, Н.И.** Умственное развитие и обучение (к обоснованию системно-структурного подхода). М., 2003.

[10] **Леонтьев, А.Н.** О проблеме способностей. (К замечаниям Б.М. Теплова по поводу рецензии на главу для учебника)//Вопросы психологии, 2003. №2.

[11] **Давыдов, В.В.** Многознание уму не научает//Вопросы психологии, 2005. №4.

[12] Развитие познавательных способностей в процессе дошкольного воспитания /Под ред. Л.А. Венгера. М., 1986.

[13] **Локалова, Н.П.,** В. Швец 120 уроков психологического развития младших школьников (Психологическая программа развития когнитивной сферы учащихся I–IV классов). – М., 2008.

[14] **Ушинский, К.Д.** Основы общей психологии. – СПб., 2002.

[15] **Коменский, Я.А.** Бытие и сознание. Человек и мир. – СПб., 2003.

[16] **Лернер, И.Я.** Рождение гражданина. М., 1971.

[17] **Скоткин, М.Н.** Маленькие школьники и родной язык. М., 1980.

[18] **Бабаев, С.Б.** Бастауыш мектеп педагогикасы, Алматы, 2007ж.

[19] **Таубаева, Ш.** Методология и методы педагогических исследований. Алматы, 2015ж.

References:

[1] **Trifonova, A.V.** Resursnyj podhod k problem intellektual'nyh sposobnostej // Sovremennye Issledovaniya social'nyh problem (elektronnyy nauchnyy zhurnal), Modern Research of Social Problems, №4 (48), 2015. DOI: 10.12731/2218-7405-2015-4-12 [in Russian]

[2] **Nizamova, O.N.** Razvitie intellektual'nyh sposobnostej mladshih shkol'nikov Nizamova. O.N. Tekst: neposredstvennyj. Obrazovanie i vospitanie, 2020. №3(29). S.36-38. URL: <https://moluch.ru/th/4/archive/168/5311> [in Russian]

[3] **Zakhovayeva, A.G.** Faktory, vliyayushchiye na intellektual'nyye sposobnosti lichnosti // Mezhdunarodnyy zhurnal eksperimental'nogo obrazovaniya, 2015. №5-1. S.52-53; URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=7477> [in Russian]

[4] Osobennosti obucheniya i psikhicheskogo razvitiya shkol'nikov 13–17 let. Pod red. I.V. Dubrovinoj, B.S. Kruglova. M., 1988. [in Russian]

- [5] **Basova, L.N.** Psikhologicheskiye osobennosti umstvennogo razvitiya uchaschikhsya 9-kh klassov, obuchayushchikhsya v raznykh obrazovatel'nykh sredakh: Avtoref. dis. ...kandidat psikhologicheskikh nauk. M., 2004. [in Russian]
- [6] **Kornev, A.N.** Narusheniya chteniya i pis'ma u detey: Uchebno-metodicheskoye posobiye. SPb., 1997. [in Russian]
- [7] **Sokolova, L.V.** Sistemnaya organizatsiya integrativnoy deyatelnosti mozga uchaschikhsya v protsesse formirovaniya navyka chteniya: Avtoref. dis. ...kand. biol. nauk. M., 1991. [in Russian]
- [8] **Gladyshev, A.V., Gorev A.S., Farber D.A.** Otrazheniye individual'nykh osobennostey pererabotki informatsii v EEG parametrah detey shkol'nogo vozrasta//Fiziologiya cheloveka, 1995. T. 21. №1. [in Russian]
- [9] **Chuprikova, N.I.** Umstvennoye razvitiye i obucheniye (k obosnovaniyu sistemno-strukturnogo podkhoda). M., 2003. [in Russian]
- [10] **Leont'yev, A.N.** O probleme sposobnostey. (K zamechaniyam B.M. Teplova po povodu retsenzii na glavu dlya uchebnika)//Voprosy psikhologii, 2003. №2. [in Russian]
- [11] **Davydov, V.V.** Mnogoznaniye umu ne nachayayet. Voprosy psikhologii, 2005. №4. [in Russian]
- [12] Razvitiye poznavatel'nykh sposobnostey v protsesse doshkol'nogo vospitaniya Pod red. L.A. Vengera M., 1986. [in Russian]
- [13] **Lokalova, N.P., V. Shvets** 120 urokov psikhologicheskogo razvitiya mladshikh shkol'nikov (Psikhologicheskaya programma razvitiya kognitivnoy sfery uchaschikhsya I–IV klassov). M., 2008. [in Russian]
- [14] **Ushinskiy, K.D.** Osnovy obshchey psikhologii. SPb., 2002. [in Russian]
- [15] **Komenskiy, YA.A.** Bytiye i soznaniye. Chelovek i mir. SPb., 2003. [in Russian]
- [16] **Lerner, I.YA.** Rozhdeniye grazhdanina M., 1971. [in Russian]
- [17] **Skatkin, M.N.** Malen'kiye shkol'niki i rodnoy yazyk. M., 1980. [in Russian]
- [18] **Babaev, S.B.** Bastawış mektep pedagogikası, Almaty, 2007. [in Kazakh]
- [19] **Taubayeva, SH.** Metodologiya i metody pedagogicheskikh issledovaniy. – Almaty, 2015. [in Russian]

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ С ТОЧКИ ЗРЕНИЯ УЧИТЕЛЯ

Сыздыкова М.Б.¹, кандидат социальных наук
Бимаханова Ж.Д.², учительница

¹*Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Казахстан*

²*Учитель начальных классов школы-лицея №264 им. Т.Есетова, г. Кызылорда, Казахстан*

Аннотация. Статья основана на проекте исследования методов обучения в начальной школе с точки зрения учителя. Поскольку обучение – это двусторонний процесс, учитель должен организовать свою деятельность и не довольствоваться только ее выполнением, а уделять особое внимание развитию познавательной деятельности и активности учащихся. Это очень сложный психолого-педагогический вопрос о закономерностях обучения и развития ребенка. Интерактивное обучение имеет большое значение для всестороннего развития и активизации ребенка в современном учебном процессе. В стране внедряется образовательный проект по повышению учебной активности учащихся под названием «развитие критического мышления через чтение и письмо». Этот проект использовался в международных школах и дал успешные результаты. Во внедрении проекта Казахстанская учебная ассоциация является полноправным и единственным представителем в стране. Целью данной статьи является анализ и описание текущей ситуации на основе результатов количественного опроса. Основным результатом, приведенным в этой статье, является описание текущей ситуации с точки зрения учителя и анализ сильных и слабых сторон различных методов обучения в образовательной практике. Основным методом исследования было наблюдение за участниками. Статья является результатом исследования, направленного на всех участников образовательного процесса (учителей, учащихся, родителей).

Ключевые слова: начальный класс, методы обучения, традиционное обучение, конструктивное образование.

METHODS OF TEACHING IN ELEMENTARY SCHOOL FROM THE POINT OF VIEW OF THE TEACHER

Syzdykova M.B.¹, Candidate of Social Sciences
Bimakhanova Zh.D.², teacher

¹*Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan*

²*Primary school teacher of school-lyceum No.264 T.Yesetova, Kyzylorda city, Kazakhstan*

Annotation. The article is based on a project to study teaching methods in primary school from the teacher's point of view. Since learning is a two-way process, the teacher should organize his activities and not be content with just doing it, but pay special attention to the development of cognitive activity and student activity. This is a very complex psychological and pedagogical question about the patterns of learning and development of a child. Interactive learning is of great importance for the comprehensive development and activation of the child in the modern educational process. An educational project is being implemented in the country to increase the educational activity of students called "development of critical thinking through reading and writing". This project has been used in international schools and has yielded successful results. In the implementation of the project, the Kazakhstan Educational Association is the full and only representative in the country. The purpose of this article is to analyze and describe the current situation based on the results of a quantitative survey. The main result given in this article is a description of the current situation from the teacher's point of view and an analysis of the strengths and weaknesses of various teaching methods in educational practice. The main method of the study was the observation of the participants. The article is the result of a study aimed at all participants in the educational process (teachers, students, parents).

Keywords: primary school, teaching methods, traditional teaching, constructive education.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Кенжебаева К.С., PhD

kundiz_27_87@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-090836843>

Алмасқызы Н., магистрант

Nursulu.9393@list.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Андатпа. Мақалада бүгінгі таңда республикадағы және аймақтағы экономикалық нарықтық қатынастардың қалыптасу жағдайында оқушыларға сапалы білім беру, ол үшін оқытудың ойындық технологиясын қолдану қажеттілігі айдан анық болып отыр. Мұның өзі уақыт талабына сай бастауыш мектептің оқыту үдерісінде ойын оқыту технологиясын пайдалану қажеттілігі мен педагогика теориясы мен практикасында бұл мәселенің жеткілікті қарастырылмауы өзекті мәселелерді туындатады. Бастауыш мектептің оқыту үдерісінде ойын оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық-психологиялық негізін қарастыру, педагогикалық жолдарын айқындау, осының негізінде ғылыми-әдістемелік нұсқау дайындау қажеттілігінде болып отыр.

Адам бойындағы қабілеттілікті дамытып, олардың өсуіне жол ашу, адамның рухани күшін нығайтып, өзін - өзі табуына көмектеседі. «Адамның өз болмысын тануға ұмтылуына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру - білім берудің ең маңызды мақсаты болып табылады» деп Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасы жобасында көрсетіледі. Бүгінгі күні мектептердегі оқыту үрдісінің мазмұны тұлғаны жеке өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталып, дамытушылық, тұлғалық бағдарлы тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе болып танылады.

Тірек сөздер: педагогика, психология, ойын әдістері, оқыту үдерісі

Кіріспе. Мұғалімдер, педагог-ғалымдар оқу жүйесінің негізгі кемшіліктерінің бірі - оқушылардың іс-әрекетінің жоқтығынан арылу жолдарын іздестіруде. Білімді пассивті қабылдау оны жоғары дәрежеде меңгеруді тежеп, оқушыларды қазіргі талап деңгейінен шығара алмайды. Осы кемшіліктен толық арылғанмен, азайту үшін оқу түрлерінде, яғни түсіндірilmелі-иллюстративтікте үлкен өзгерістер енгізілді, одан кейін мектеп практикасында проблемалық, программалық оқыту қолданыла бастады [1].

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында түсіндірilmелі-иллюстративтік оқытудың тұтқасы сыныптық-сабақтық жүйе қоғамын жаңа талаптарына сай болу үшін жетілдіруді талап ететіні белгілі болды.

Осы жүйені модернизациялау кезінде дәстүрлі емес сабақ пайда болды. Онда оқушылардың белсенді позицияға қойып, сабақты даярлап өткізуде іс-әрекетке қосып, ойындық, жағдайды шешушілік, жарыстық функцияларды жүзеге асырады[2].

Дәстүрлі емес сабақты өткізуде мынандай сұрақтар пайда болады, жалпы сабақтар жүйесінде алатын орны, функциясы, оны таңдап алу шарттары, қойылатын талаптары қандай, мұндай сабақтарды талдау немен ерекшеленеді т.б.

И.П. Подласыйдың пікірінше, дәстүрлі емес сабақ - бұл орнатылмаған құрылымы бар импровизациялық оқу жұмысы [3].

Г.К. Селевконың «Современные образовательные технологии» атты еңбегінде 30-дан астам түрі келтірілген[4].

Сабақтың дәстүрлі емес технологиясына жататындар:

- пәнаралық байланысқа негізделген интегралды сабақтар;
- жарыс және ойын формасындағы сабақтар; байқау, турнир, эстафета, дуэль, іскер немесе рольдік ойын;

- қоғамдық практикада белгілі жұмыстың формаларына, жанрларына және әдістеріне негізделген сабақтар; зерттеу, өнертапқыш, түрдеректі талдау, ой шабуылы, интервью.

- оқу жадығатын дәстүрлі емес ұйымдастыру негізіндегі сабақ;
- Даналық сабағы, сабақ презентация, «дублер іске кірісті»;
- қарым-қатынастың көпшілік формаларын имитациялау сабақ; пресс - конференция, аукцион, бенефис, регламенттелген дискуссия, панорама, телевизиялық хабар, теле көпір, «тірі газета» ауызша журнал.

- фантазияны, қиялды қолданудағы сабақтар; сабақ-ертегі, сабақ-сиқыршыдан сыйлық.

- мемлекеттің және ұйымдардың іс- әрекетін имитациялауға негізделген сабақтар; сот, парламенттегі дебаттар.

- қоғамдық-мәдени шараларды имитациялаудың сабақтары; өткенге сырттай экскурсия, жорық, әдеби серуен, репортаж.

- сабақтан тыс дәстүрлі формаларды сабақ шеңберіне енгізу; ойталқы.

Дәстүрлі емес сабақтың түрін таңдап алғанда тақырыптың мазмұнын, оқушылардың даярланғандық дәрежесін, материалдық базаны, мұғалімнің мүмкіншілігін, оқулықтардың, көмекші оқу құралдарын т.б. есепке алу керектігін тәжірибе көрсетті[5].

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті ойын болса, ал бастауыш класс оқушыларының өмірінде ойын әлі де дамуына ықпал еткенмен, басты орын алмайды. Төменгі класс оқушылары қозғалысты талап ететін ойындарды жақсы көреді. Бұл ойындарды жақсы көреді. Бұл ойындар олардың координациясын жетілдіреді, күші мен ептілігін арттырады, ішкі органдардың жұмысын жақсартады (демалысы, қан айналымы), балалардың денсаулығын шынықтырады. Ойын қабылдаудың, зейіннің, қиялының, ынта-ықыласының, ойлаудың инициативаның, активтіліктің дамуына жәрдемдеседі, жақсы эмоция туғызады, онсыз ойын әрекетінің болуы мүмкін емес. Оның үстіне оқушының оқу процесіндегі ой еңбегінен кейін демалуының тамаша түрі болады. Ойын қасеттерінің бірі – адамның еңбек әрекетінің бейнеленуі. «Ойын – бала еңбегінің жемісі» деп босқа айтылмаған[6]. Ол балаларды өмірге даярлайды, алайда олардың ешқайсысы ойынның осы маңызы туралы ойламайды да. Балалар көңіл көтеру үшін, өзінің табиғи қажетін қанағаттандыру үшін ойнайды.

Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынандай қызметтерді атқарады[7]:

- ойын-сауық

- коммуникативтік немесе қарым-қатынастық

- диагностикалық, яғни, ойын барысында өзін-өзі тану

- коррекциялық

- әлеуметтендіру

Әлде де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда. Ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді.

Бастауыш сынып оқушылары еліктегіш, жаңаны жаны сүйгіш келеді. Сондықтан мұғалім сабақ барасында ойын түрлерін пайдаланып отырса, оқушылардың сабаққа деген ынтасыартып, алған білімдерін өмірде қолдана білу мен ізденпаздық дағдылары жетіле түседі[8].

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалана білу мұғалімнің меңгертіп отырған білімін аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Ойын барысында балалар тез серігіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысады.

Төменгі сынып оқушыларына ойын түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

Бастауыш мектептің оқыту процесінде төмендегідей ойын сабақтарының түрлері қолданылады[9]:

1. Ойын - саяхаттар. Олар ертегілерге ұқсас. Олар фактілер немесе оқиғаларды бейнелейді, бірақ олар ерекше түрде ашып көрсетіледі, қарапайым жұмбақ арқылы қиындық - оңай жолмен, қажеттілер - қызық жолмен беріледі.

2. Ойын - тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

3. Ойын - болжамдар. Бұл ойындар «не болар еді..?», «мен не істер едім, егер...» деген сұрақтарға негізделеді.

4. Ойын - жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі логикалық астарының болуында.

5. Ойын - әңгімелер. Ол мұғалімнің балалармен, балалардың мұғаліммен және балалардың балалармен қарым-қатынасына негізделеді. Бұл қарым-қатынас ойын мазмұнында ерекше сипатқа ие болады. Ойынның құндылығы - олар эмоционалдық түрде белсендіруге, бір сөздікке, өзара әрекет жасауға, бірлесіп ойлануға мүмкіндік туғызады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің анықтаушы кезеңінде бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған 10 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама және оқушыларға арналған 7 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама жүргізілді. «Сөзді тап» ойыны

Нәтижелер. Мұғалімдерге арналған сауалнама сұрақтары төмендегідей болып бекітілді.

1. Оқыту үдерісінде сіз ойын сабақтарын қолданасыз ба?

2. Ойын сабақтардың қай түрі оқу үдерісінде тиімді деп ойлайсыз?

А) Ойын-саяхаттар.

Ә) Ойын-тапсырмалар.

Б) Ойын-болжамдар.

В) Ойын-жұмбақтар.

Г) Ойын әңгімелер.

3. Қандай жағдайларда сіз ойынды қолданасыз?

4. Сабақтың қай кезеңдерінде ойынды немесе ойын элементтерін қолдану тиімді деп ойлайсыз?

5. Дидактикалық ойындарды қолданғанда сіз қандай мақсатты көздейсіз?

6. Сабақта ойынды қолдану мақсатты жүзеге асыруда көмекші деп ойлайсыз ба?

7. Балалар сабақта ойнағанды ұнатама?

8. Балалар ойынның барлық ережесін орындай ма?


9. Қандай жағдайларда ойынды қолдану қажет?

10. Ойын баланың қандай психологиялық сапасын дамытады?

Бастауыш сынып мұғалімдеріне жүргізілген сауалнама нәтижелерін №1, №2 диаграммалардан көруге болады.

Бұл диаграммадан мұғалімдеріміздің 60% жоғарыда көрсетіліп кеткен ойын сабақтарының түрлері туралы хабардар екенін және оларды үнемі оқу үдерісінде қолданатындығын көрсетті, ал қалған 40%-ы пайдаланбайтын болып шықты.

Ойын сабақтарын оқу үдерісінде тиімді деп есептейтін мұғалімдер қатарындағы Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Серікбол Жанат Асқарбекқызына тоқталсақ. Жанат Асқарбекқызының жұмыс тәжірибесі - 7 жыл. Соңғы 4 жылда ойын сабақтарын қолдана бастады. Оның сөзі бойынша сәтті жүруде. Зерттеу 4 «а» сынып арасында жүргізілген. Зерттеу қорытындысына сүйене отырып, мен мұғалімнің ойын сабақтарының түрлі формаларын қолданатынын анықтадым. Форманы таңдау ойынның мақсаты мен міндетіне байланысты таңдалынады.



1-диаграмма – Мұғалімдерге жүргізілген авторлық сауалнама нәтижесі

Ж.А.Серікболдың пікірінше ойынды бақылау немесе оқыту материалдарын бекіту кезеңдерінде қолданған жөн. Мұғалімнің сөзі немесе жүргізілген ойындардың қорытындысы бойынша ойын білімді бекітуге, жақсартуға, оқушылардағы сөйлеуді тәрбиелеуге, өз ойын дұрыс және логикалық жағынан айта білуге, дағдының дамуы және оптимальды шешім табуға т.б. септігін тигізген.

Педагогикалық тәжірибеге сүйене отырып, мұғалім балалар сабақта ойнағанды ұнатады, бірақ әрқашан ережені сақтамайды. Бұл көбіне топтық ойындарда балалар бір-біріне көмектесуге тырысқанда айқын көрінеді. Осындай жағдайларда мұғалім ойын процесін тоқтатқан жоқ, бірақ ойын ережесін қаталдандыруға тырысты.

Мұғалімнің ойынша ойынды мынадай жағдайларда қолдануға болмайды:

- егер ойын баланың деңгейіне сәйкес келмесе, кейде ережені түсіндіргеннен кейінде орындауда қиындықтар туып отырады. Көзқарас бойынша бұл білімді бекітпейді, қайта тақырыптан тыс шешімдерді шешуге зейінді аудартады;
- егер балалар ойнағысы келмесе;
- егер ойын жаңа болса, онда ол тексерілу тиіс.


Мұғалімнің айтуынша ойын үдерісі кезінде конфликтілік жағдайлар тумас үшін топ сынып ішіндегі қарым-қатынас бұзылмас үшін дұрыс қарап, зейінді болуы керек. Егер осындай жағдай байқалған болса, мұғалім тез арада балалардың зейінін ойын жағдаятын шешуге бағыттап отыруы тиіс.

Ұстаз ойы бойынша ойын жеке тұлғалық жағынан дамуына әсер етеді. Бұл құрдастарымен достық қатынас және тыңдай алу, басқаның ойын қабылдау тағы да басқалар.

Ойын сабақтардың қай түрі оқу процесінде тиімді деп ойлайсыз?

1. Ойын-саяхаттар.
2. Ойын-тапсырмалар.
3. Ойын-болжамдар.
4. Ойын-жұмбақтар.
5. Ойын-әңгімелер

Бұл жүргізілген сауалнаманың нәтижесін 2-диаграммадан көреміз.



2-диаграмма – Сауалнама нәтижесі

Ойындарды оқу процесінде көп қолданбайтын пән мұғалімдерінен мынадай жауаптар алынды:

1) біреулерінің ойынша олардың сабақтары мектеп бағдарламасындағы ең күрделі пән, сондықтан оқу материалын игеруде ойынды қолданудың қажеті жоқ.

2) басқаларының ойынша өздерінің оқыту әдістері бар, оларды ауыстырудың еш қажеті жоқ.

3) үшіншілерінің ойынша ойындарды қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру қиын, сондықтан педагогикалық процесті сабақ формасында өткізіп, ескі әдістерді қолданған дұрыс.

Келесі зерттеу жұмысымыз ойын сабақтарын, ойындарды тиімді қолдануға деген оқушылардың көзқарасын, қатынасын, пікірін білу мақсатында оқушыларға арналған сауалнама және оның негізінде әңгімелесу ұйымдастырылды.

Оқушыларға арналған сауалнама.

1. Мұғалім сабақта ойынды қолданса саған ұнай ма?
2. Сен сабақта ойынды жиі қолданғанды қалайсың ба?
3. Сен ойынның қандай түрлерін ұнатасың: топтық, жеке?
4. Қай сабақта саған ойнаған ұнайды және неліктен?
5. Кейде ойын ұнамайтын жағдайлар бола ма?
6. Ойынды қолданбайтын мұғалімге сенің ойынға деген ниетің мен тілегің тәуелді ме?

7. Барлығынан да саған ойында не ұнайды?

4 «а» сынып оқушыларының жауабын талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға негізделді.

1. Сабақта ойын еш күмәнсіз барлық балаларға ұнайды.
2. Көптеген оқушылар егер ойын қызық болса, барлық сабақта ойнағылары келеді.
3. Балалар көбіне ойынның топтық формасын ұнатады. Оның себебі мынада секілді: құрдастарымен қарым-қатынасқа тырысу, өздерінің ойларымен, қиялымен бөлісуге, жолдастарының ортасындағы өз беделін нықтауға тырысады.

4. Бірінші орынды қазақ тілі сабағындағы ойын алады екен, онда мұғалім түрлі ережелермен, дыбыстарды, терминдерді ойын түрінде өткізіп, әрі қарай жаттығу орындау, үйге берілген тапсырманы бекіту, қайталау сияқты жағдайлармен жалғастырады екен.

5. Егер ойынды ұйымдастыру кезінде оқушылардың қызығушылықтары ескерілмесе немесе ойынның мазмұны сабақ тақырыбына сай келмесе ойын оқушыларға ұнамауы мүмкін.

6. Оқушылардың ойынға қатысу ниеті көбіне олардың мұғаліммен қатынасына тәуелді, сондықтан мұғалімге өзінің әрекетін ойлап, оқушылардың реакциясын бақылап содан қорытындылар шығару қажет.

7. Көп балаларға ойында жеңген ұнайды. Менің ойымша бұл жеңіске деген талпыныс. Ойын әрекетінде оқушылардың оқуын және дамуын қамтамасыз етеді.

Зерттеуіміздің анықтаушы кезеңіндегі қорытындыны негізге ала отырып, ойын арқылы оқыту әдісінің жағымсыз жақтарын ескере отырып, зерттеуіміздің қалыптастырушы кезеңінде зерттеу жұмысымыз өз жалғасын тапты. Бұл мақсатта ойын оқыту құралы болатын сабақтар жүргізілді.

Ойын кезінде мыналар ескеріледі: жоспарлау, дайындау, іске асыру, ойын шарттарының дұрыстығын бақылау, ойын кезіндегі қарым-қатынас, тәртіп.

«Дауыссыз дыбыстар тақырыбын» өткенде төмендегідей ізденімдік ойындарды өткізу оң нәтижеге қол жеткізеді.

«Сөзді тап» ойыны

Ойын мақсаты: Оқушыларға дауыссыз дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру, олардың сабаққа деген қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Ойын ережесі: Көлденеңі бес, тігінен сегіз қатар тор көз кесте тақтаға ілінеді. Кестедегі тор көздеріне алғашқы және соңғы дыбыстарын бірдей әріптер жазылады. Оқушылар осы әріптерден соңынан оқыса да, оңынан оқыса да бірдей сөздер ойлап табады.

Ойын кезеңдері: Алғашқы кезеңде мұғалім оқушыларға ойын ережесін түсіндіріп, тақтаға кесте ілінеді. Екінші кезеңде оқушылар берілген тапсырманы орындайды.

Ойынның қатысымдылық қызметі: Оқушылар дыбыстарды, сөздерді дұрыс құруға, сөздердің мағыналарын жете түсінуге дағдыланады.

1-кесте – «Сөзді тап» ойынының жауап бланкісі

Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
К				к
К				к
К				к
К				к

(Жауабы: Қызық, Қазақ, Қалақ, Қырық, Кесек, Кезек, Керек, Кебек.)

Оқушылар жоғарыдағы сөзді дұрыс табу арқылы өздеріне таныс сөздермен де танысады. Бұл ойын оқушының дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін тез түсіну, дыбыстардан сөздерді дұрыс құрай алу дағдысын қалыптастырады. Тапсырмадағы жасырылған сөздер оқушыларға таныс болмаса, мұғалім ол сөздердің мағыналарын түсіндіріп, синоним, антоним сөздер арқылы үйретуге болады. Мұндай ойындар оқушылардың сөздік қорын байытуға, үйренуге, сөздерді дұрыс қолдануға көмектеседі.

Қорытынды. Мектептердің даму тарихында оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары пайдаланылады. Қазіргі уақытта сабақ - оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады. Педагог-ғалымдар, мұғалімдер сабақ түрлерін өткізудегі

жаңалықтарды іздестіруде, және оны жетілдіруде. Қазіргі кезде сабақтың 20-дан астам типтері бар.

Соңғы жылдары, әсіресе 2000 жылдан бастап қазақ мектептерінде көптеген сабақтың жаңа түрлерін тәжірибелі мұғалімдер қолданып келеді. Солардың ішінде дәстүрлі емес сабақтардың түрлері бар. Олар: интегралдық және ойын сабақтары, сайыс және семинар сабақтары, индекс және жарыс сабақтары, жарнама сабағы т.б. Біз соның ойын сабағын қарастырып отырмыз[10].

Дәстүрлі ойын емес сабақтарды даярлап және өткізу мұғалімнің әдістемелік шеберлігіне тікелей байланысты. Сондықтан педагогикалық ұжым үшін педагогикалық кеңесінде, шығармашылық топта, психолого- педагогикалық семинарларда дәстүрлі емес сабақтардың теориясымен, өткізу әдістемесімен таныстырады. Шеберлікпен өткізілген ойын сабағы оқушыларды белсенді позицияға қояды, ойындық функцияларды жүзеге асырады. Ойын арқылы бала өзін толқытқан бүгінгі қуанышын, ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе күні ертең сол арман-қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады, сөйтіп бүгінгі ойын бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналуы сөзсіз[11,12,13].

Тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қоғамның жас ұрпақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең сезіліп отырған таңда оқу тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру бағытында барлық мүмкіншіліктер мен ресурстарды пайдалануды көздейді. Осы тұрғыда дипломдық жұмысымды қорытындылай келе айтарым ойынды сабақтарды даярлап өткізу жеке тұлғаның дамуындағы басты элементтердің бірі.

Әр заманның өзіне тән экономикалық, саяси- әлеуметтік ерекшеліктері бар. Сол сияқты бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне біліміне деген өз талабы, ерекшелігі бар. Білім заңында жеке адамның рухани және күш- қуат мүмкіншіліктерін ашу адамгершілік пен салауат өмір салтын сақтау, бірлік негізін қалыптастыру, жеке адамның шығармашылық және эстетикалық қабілетін дамытуға жағдай жасау жалпы білім беретін мектептердегі басты міндеттердің бірі болып қойылған, яғни балалардың білімді болуы үшін оқытудың тиімді әдістерін қолданудың соның ішінде ойын сабағы арқылы білім берудің маңызы зор[14,15]. Рухани бай азаматтық ары таза, ой еңбегі бай азаматты қалыптастырудың бүгінгі өмір талабында алатын ролі зор.

Әдебиеттер:

- [1] **Асқарбаев, А.** Мектептердегі оқытудың мазмұны мен әдістері. Алматы; Мектеп, 1981.
- [2] **Ақмаров, А.М.** Ойынның маңызы Қазақстан мектебі. – 2002.
- [3] **Подласый, И.П.** Игра в педагогическом процессе Москва, 1989.
- [4] **Селевко, Г.К.** Педагогика и психология игр Москва, 1990.
- [5] **Бабаев, С.Б.** Жалпы психология. Алматы, 2003.
- [6] **Берн, Э.** Игра в которую играют люди Москва, 1998.
- [7] **Қамалбекова, А.** Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын ойын әрекеті арқылы арттыру. Бастауыш мектеп. – 2001
- [8] **Қайырбекова, С.Л.** Ойын оның педагогикалық маңызы және жаңа модульдік технологиядағы алатын ролі. – Изденіс, 2002
- [9] **Қоянбеков, С.А.** Ойын мақсатын рольдеу және оның мәні. Қазақстан мектебі. – 2002
- [10] **Қоянбеков, С.А.** Ойын мақсатын талдау және оның мәні. Қазақстан мектебі. – 2003
- [11] **Матюнин, Б.Г.** Нетрадиционная педагогика. Москва, 1995.
- [12] **Мұхамеджанова, А.М.** Бастауыштағы білімнің интеграциясы: методология, теория, әдістеме. Монография. Алматы: Ғылым, 1998.
- [13] **Нұрғаева, Г.** Ұлттық ойынды пайдалану. Бастауыш мектеп. – 2002
- [14] **Туленова, У.** Ойын тәрбие құралы Бастауыш мектеп. – 2002
- [15] **Тәжібаев, Т.** Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағарту ісі мен педагогикалық ойдың дамуы. Алматы: Мектеп, 1958. – Б.24-25.

References:

- [1] **Asqarbaev, A.** Mektepterdegi oqitudyn mazmunı men adisteri. – Almaty: Mektep, 1981. [in Kazakh]
- [2] **Aqmarov, A M.** Oıynnın manyzy // Qazaqstan mektebi. – 2002. [in Kazakh]
- [3] **Anikeyeva, N.P.** Igra v pedagogicheskom protssse. – Moskva, 1989. [in Russian]
- [4] **Anikeyeva, N.P.** Pedagogika i psikhologiya igr. – Moskva, 1990. [in Russian]
- [5] **Babayev, S.B.** Zhalpy psikhologiya. – Almaty, 2003. [in Kazakh]
- [6] **Bern, E.** Igra v kotoruyu igrayut lyudi. – Moskva, 1998. [in Russian]
- [7] **Qamalbekova, A.** Oqushilardin tanymdyq qızıgushylyqtarın oyın areketi arqyly arttyru.// Bastauysh mektep. – 2017 [in Kazakh]
- [8] **Qayırbekova, S.L.** Oyın onın pedagogikalıyq manyzy jane jana moduldik texnologiyadagı alatyn roli.//Izdenis, 20027 [in Kazakh]
- [9] **Qoyanbekov, S.A.** Oyın maqsatın roldew jane onın mani.// Qazaqstan mektebi. – 2002 [in Kazakh]
- [10] **Qoyanbekov, S.A.** Oyın maqsatın taldaw jane onın mani.// Qazaqstan mektebi. – 2003 [in Kazakh]
- [11] **Matyunin, B.G.** Netraditsionnaya pedagogika. – Moskva, 1995. [in Russian]
- [12] **Muxamedjanova, A.M.** Bastauyshtagı bilimnı integraciyasy: metodologiya, teoriya, adisteme. Monografiya. Almaty: Gılm 1998. [in Kazakh]
- [13] **Nurǵaeva, G.** Ultıq oyındı paydalanw.// Bastauysh mektep. – 2002 [in Kazakh]
- [14] **Twlenova, W.** Oyın tarbie quralı // Bastauysh mektep. – 2002 [in Kazakh]
- [15] **Täjibaev, T.** Qazaqstanda XIX gasırdın ekinshi jartısındaǵı agartu isi men pedagogikalıyq oydyn damwı. Almaty: Mektep, 1958. – P. 24-25. [in Kazakh].

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИГРОВЫХ МЕТОДОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Кенжебаева К.С., PhD
Алмасқызы Н., магистрант

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.Астана, Казахстан

Аннотация. В статье отмечается, что сегодня в условиях становления экономических рыночных отношений в республике и регионе становится очевидным необходимость качественного образования школьников, для чего использовать игровую технологию обучения. Это порождает необходимость использования технологии игрового обучения в учебном процессе начальной школы в соответствии с требованиями времени и недостаточное рассмотрение данной проблемы в теории и практике педагогики. Необходимо рассмотреть педагогико-психологическую основу применения технологии игрового обучения в процессе обучения начальной школы, определить педагогические пути, на основе которых подготовить научно-методическое пособие.

